# SARYARQA

21 қаңтар
2022 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№ 2 (8265)



ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



ҚЫСТЫҢ
КӨЗІ
ҚЫРАУДА...
2-бет

ОЙТҮРТКІ

«ҚАЙТҚАН МАЛДА
ҚАЙЫР БАР»
бірақ оған байлар қалай қарайды?..
4-5-беттер

АҢЫЗ БОП ЖЕТКЕН АҚИҚАТ



ӘУЛЕТІМДІ
ӘУЕЛЕТКЕН
ӘУЛИЕТАУ
6-бет


# СУПЕР ТЫҒЫЛМАҚ!



***«Мың өліп, мың тірілген» бұл қазақтың көрмегені жоқ шығар» – деуші едік тарихын тарқата келгенде. Бар екен! «Саясат деген бір сиқыр» дейміз ғой тағы қарап отырмай. Сиқыршың келіссе, одан қызық не бар?! Осы жолы әлемнің басын шайқатып, таңдайын қақтырдық. Сағат сайын сағымдай бұлдыраған оқиғалар мен сабындай көпірген сөздердің қым-қиғаштығы соншалықты, түбі қайда барып тірелетінін шеше алмай небір Шерлоктарың шерменде болды. Білгір дегеніміздің болжамы буға, сұңғыла дегеніміздің сараптамасы суға айналып, қараңғы бөлмеде қара мысық қуып жүргендей дәрменсіз бір халге душар болдық. Тығылмақ ойнаушы едік бала кезде. Балалардың ойыны деп ойладық. Басқа амалы қалмағанда патшалар да ойнайды екен сөйтсек тығылмағыңды. Патшаның аты патша. Тығылмағының өзі супер!..***

Күрескенде болмаса жығылмағанға, ойнағанда болмаса тығылмағанға не жетсін. Тыққаның болмаса, тығылудың да қажеті жоқ. Халқың да аман, қарның да тоқ. Арса, арса болған қабырғасын шүкірінің шекпенімен жасырып, жөн айтқан сөзге бас ұрып, жаманы болса жасырып, жақсысы болса асырып келе жатқан қазақтай елдің патшасында да арман бар ма екен? – деп іші күйіп жүргендердің аз емес екенін естіп, біліп отырмыз. Тым болмаса осы пейілін бағаласа нетті қаранардай төзімді қазағымның...

Енді бәрі кеш болды. Қаншама уақыт еш болды. Тал түсте оқ атылып, бейбіт күнде қан төгілді. Аналарды қойып, аталар жылады. Батырлар былай тұрып, балалар оққа ұшты. Әлде олар сақалдың әр талында болатын періштелер ме еді?.. Бір талы бір сәбидің өмірін қиса, ондай сақалды қарғыс атса қайтеді! Түп тамырымен жұлып өртесе, сауап мұндай қанды қара сақалдарды!..

Тығылмақты көп ойнаған халықпыз. Басында күнә мен нәпсіден тығылдық. Қайырымсыздық пен имансыздықтан жасырындық. Сатқындық пен сайқалдықтан бой тасаладық. Бойды ғана емес, ойды да алдырмадық. Арбатпадық, арбалмадық. Ханымыз әділ, батырымыз аңғал, халқымыз шаруақор, береке дарыған, құт қонған ел болдық. Тағдыр басқа салса амал қанша?! Ел басына күн туғанда жоңғардан жасырындық. Ақ патшадан, ол тақтан тайған соң большевиктен тығылдық. Бертін келе қызыл империяның Меккесі Кремльмен жасырынбақ ойнады әкелер мен ағаларымыз. Еліміздің еңбегі, жеріміздің кендерінен түскен пайданы одақтың ортақ қазанына құйып, өзіміз сорпа-суы, шеміршегіне мәз болдық. Қанағаттанбағандар ұрлады, ұрлаған соң бұғынды. Тағы да тығылды. Тығыла-тығыла өр дұшпаннан көр тышқанға айнала бастағанда азаттықтың ақ таңы атты. Тәуелсіз ел атанып, етек жиып, еңсе тіктедік. Азаттықтың сүйіншісіне ғасырлар бойы көрген қорлық, зорлығымызды бере салып, ойнап-күліп шыға келдік. Жылқы мінез, бөрі рухты, мәрт қазақ қалпымызды тауып, Алаштап атқа міндік дегенде баяғы тығылмаққа тағы да тап болдық. Қызылбас пен қалмақ, ойрат пен орыс жоқ енді, неге, кімнен тығыламыз деп дал болдық. Қарап тұрсақ патшадан халық, халықтан патша тығылып, жасырынбақтың жаһандық жаңғырған жаңа бір түріне тірелген екенбіз. Ақыры тығырыққа тіреддік. Сол баяғыдай бір тіріліп, бір өлдік.

«Енді тығылмаймыз» – деп отыр. «Енді жығылмаймыз» деп отырмыз. Екі жақ та уайымды жеп отырмыз. «Бетеге кетсе, бел қалар. Бектер кетсе, ел қалар. Берекең кетсе, нең қалар?» депті дана бабаларымыз. Бейкүнә елдің ертеңін ойлағанда арқандаулы аттай осы бір нақыл қазықты айнала бересің, айнала бересің. Тығылмасақ тығылмайық. Ойнай бергеннің ойыны осылатынын бұрыннан да білуші едік қой. Неге ұмыта береміз?

Қан тамған жерді қаза бермей, дән егетін жерді жыртайық. Қолымызға қару емес, құрал алып, бойымызға ашу емес, білім жинайық. Жиғанымызбен емес, жасағанымызбен мақтанайық. Жем болмай, ел болайық. Ол үшін қарашаның қамын хан ойласын, алашының қамын абыздар ойласын. Алғандарын қайтарсын, жылатқандарын жұбатсын. Қамағандарын босатсын, сабағандарын емдетсін. Міне, сонда елдің ертеңі үшін қатулы қабақ болған ерлер татулы одақ болар. Ерге ер, елге ел, ақылға ақыл қосылар. Дос қуанып, дұшпан шошынар. Осы жолы осылай ете алмасақ, астымыздан тақ, басымыздан бақ ұшар. Әзер құтылған бодандық, қазір-ақ келіп жабысар. Ел болу жағын ойлайық, сабырға терең бойлайық қазағым. «Судың да сұрауы бар», «Ашылмайтын ақиқат болмас» – деді ғой дана бабаларымыз. Сенейік!

**Әнуар ОМАР.**

*Сурет ғаламтордан алынды*

# ҚАДАҒАЛАМАСА ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА ТҮСЕ БЕРЕ МЕ?

***2021 жылдың қорытындысы бойынша азық-түлік бағасының өсуі инфляцияға қосқан үлестің жартысын иеленген. Сол себепті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдер үшін жуырдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуді негізгі басымдық ретінде белгіледі. Биылғы бірінші жарты жылдықта Президенттің тапсырмасы бойынша енгізілген жекелеген тауарлар мен қызметтердің бағаларын 180 күн мерзіміне уақытша реттеуге тапсырма берілді. Бұл тапсырма бағаны тұрақтандыруға оң әсерін береді дейді мамандар.***



Осыған орай, Жезқазған қаласында 2022 жылдың бесінші қаңтарынан бастап «Самади», «Акцент», «Самаз», «Органик», «Ақтоты», «Ұлы дала» сауда орталықтарымен әлеуметтік маңызы бар азық-түліктерге сауда үстемесін 7 пайыздан асырмау және аталған сауда орындарында әлеуметтік бұрыш ашу туралы тапсырма берілген болатын. Осы жұмыстардың орындалысын қадағалау және бағаны бақылауға алу мақсатында қала басшысы Қайрат Әбсаттаров қалалық мәслихаттың бірқатар депутаттары және мониторинг тобы мүшелерімен бірге Жезқазған қаласындағы «Самади», «Акцент», «Самаз», «Құт-береке» сауда нүктелері мен «Ұлытау», «Здоровье» дәріханалары, «Qazoil», «С-Мұнай» сынды жанар-жағар май бекеттері мен газ тарату орталықтарын аралап, қолға алған іс-шаралардың орындалу барысын көзімен көріп қайтты.

Рейд алдымен Самади сауда орталығынан басталды. Қаңтардың бесінде әлеуметтік маңызы бар тауарларға бұрыш ашу көзделсе, қаңтардың 14-күнгі рейдтің алдында «Самадидің» қызметкерлерінің тауарларды самсатып қойған бұрыштағы «әлеуметтік бұрыш» деген жазудың қайта-қайта қыртысын жазып жатқанын көзіміз шалды. Осыдан соң, арада өткен тоғыз күн мерзімде шаруаның шапшаң орындалмағаны былай тұрсын, аймағымыздағы атақты сауда желісі тексерулермен желкелегенде ғана қозғалып отыр ма деген ойда қалдық.

Жалпы рейд барысында жоғарыда аты аталған сауда орындарында әлеуметтік бұрыш ашылып, бағаны межеге сай қойғанымен, шағын сауда нүктелеріндегі бағаның үстемесі талаптан жоғары екені бірден көзге түсті. Мысалға тоғызыншы орамдағы «Құт-береке» дүкенінде жұмыртқа бағасының өсімін, сондай-ақ, тазалығы санитарлық талапқа сай келмейтінін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, қала бойынша «АИ-92» маркалы бензин бағасы литріне – 182 теңгеден, газ бағасы – 75 теңгеден, дизель – 230 теңгеден сату көзделген болатын. Қаланы аралау барысында дәріханалар мен жанар-жағармай бекеттерінде баға тұрақты екеніне куә болдық. Алайда қала басшысы Қайрат Бектайұлы «Qazoil» газ құю орталығының сыртқы көрінісіне көңілі толмайтынын жеткізіп, қауіпсіздік ережлерінің мүлдем сақталмағанын, тазалығының көңіл көншітпейтінін сынға алды. Шынымен де 9-орамдағы айналма жолда бірден көзге түсетін нысанның ескілгі, таблосында халыққа ақпарат ретінде ілінген бірде бір бағаның жоқтығы бірден көзге түседі. Алдағы уақытта сыннан нәтиже шығады деген үміттеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес қаламыздағы ірі және шағын сауда нүктелерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасын тұрақтандыру бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Кәсіпкерлермен келісім жүргізіліп, кейбір тауардың бағасы 7 пайызға дейін төмендеді. Сондай-ақ, кәсіпкерлермен осы бағаны ұстап тұру, алдағы уақытта күрт өсірмеу турасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Алайда кебір шағын дүкендерде бағаға артық үстеме қосып сату кездеседі. Оған бүгін өзіміз де куә болдық. Осы мәселе бойынша алдағы уақытта жұмыстар қолға алынып, қатаң қадағалауда болады, – дейді қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Данияр Арынғазин.

Атқа мінерлердің айтуынша, бағаны тұрақты ұстап тұру үшін ұдайы тексеріс жүргізіліп, еріктілерден мониторингтік топ құрылып, саудагерлерді қатаң бақылауға алу көзделген. Бұл бастапқыда қарқын алып, кейін «сен тимесең, мен тименің» кебін кимесе болғаны. Берілген уәде бойынша жұмыстар атқарылса, «әкім мен комиссия келе жатыр» дегенде ғана бағаны түсіре қойып, ал олардың қарасы ұзаған соң өсіріп, қарапайым халықтың қалтасын қаққандар азаяр ма еді?

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

***Жергілікті билік бұқарамен байланыстың ашықтығын қамтамасыз етуді жөн көріп, «Дидар» телеарнасының баспасөз клубында бірінен кейін бірі брифинг өткізуді бастады. Бұрын қордаланған кей мәселелердің мәнісін анықтауға байланысты хабарлассаң, «алты қырдың астынан қашып» маңайлатпайтын кейбір басшылар енді атқарғаны мен алда еңсеретін шаруаларын жіпке тізіп, өздері есеп беруде. Мұның соңында азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруды міндеттеген Президент тапсырмасына байланысты қала басшысының пәрмені жатқаны белгілі.***

# ҚАҒАЗДА АЙДАЙ, ӨМІРДЕ ҚАНДАЙ?

Бұқаралық ақпарат өкілдерінің қатысуымен өткен алғашқы брифингке жылу электр орталығының, электр желілері кәсіпорнының басшылары Мадиар Алтыбаев, Анатолий Кравчук және «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директорының міндетін атқарушы Юрий Литинский, аталмыш кәсіпорынннның бас инженері Марат Салин қатысып, есеп берді. Әдетте басшылар есеп берсе, ұзақсонар баяндама болатын. Бұл жолы кәсіпорын директорлары күнделікті тірлігін, үстіміздегі жылғы жоспарын қысқа-нұсқа баяндады. Ағымдағы жұмыстан бөлек, әр деңгейдегі қазынадан бөлінген және инвестициялық қаржы есебінен түгенделетін тірліктер тізбектелді. Оның ішінде кәсіпорындағы қондырғыларды жаңарту, жаңғырту жұмыстары, жаңа техникалармен жабдықтау мәселелері қамтылған. Одан кейін кәсіпорын директорлары журналистердің тарапынан туындаған сауалдарға жауап берді. Оның әлқиссасы «қалада жиілеп жатқан жаңа құрылыс нысандарының салдарынан тұрғын-үйлер жылудан қағылмай ма?» деген алаңдаулы мәселелерден басталды. Одан бөлек, Қостанкелді, Бекболатсай шағын аудандарындағы иесіз жатқан жылу желілері, коммуналдық қызмет ақысының көлемі, қызмет көрсету сапасы, жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін астан-кестені шыққан жолдар жайы сынды түйінді түйткілдер айтылды. Жауаптылардың айтуынша, коммуналдық салада анау айтқандай іркіліс жоқ. Жоспарлы жұмыс өз ауанымен атқарылуда. Тұтынған қызмет үшін тарифті де өсіру әзірге көзделмеген. Қордаланған мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табады. Бір сөзбен айтқанда, алаңдауға негіз жоқ. Солай-ақ болсын!

► 2-бетте

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

### Қазақстанда қаңтар оқиғасына байланысты қозғалған істер 700-ге жуықтады

*Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Серғазин сейсенбі күнгі брифинг кезінде 695 іс бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүріп жатқанын хабарлады.*

«Ауыр және аса ауыр қылмыс бойынша 695 іс бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған: 44-і – терроризм, 15-і – адам өлтіру, 6-сы үгіт-насихат және билікті басып алуға шақыру фактісі. Күдікті ретінде 780 адам ұсталған, 695-ін қамауға сот санкция берген» деді Серғазин.

Бұған дейін Бас прокуратура 546 іс бойынша тергеу жүріп жатқанын айтқан. Ведомство «негізсіз ұсталған» 100 адамның босатылғанын айтқан.

Ведомство мәліметінше, қаңтар оқиғасына байланысты елде 8354 әкімшілік іс қаралған: 3337 адамға ескерту берілген, 1653 іс бойынша айыппұл салынған, 1002 адам қамалған. Олардың жазасын жұмсарту бойынша 1758 апелляциялық шағым түсірілген. 676 адам қамаудан босатылған.

Құқық қорғаушылардың айтуынша, қаза болған немесе із-түзсіз жоғалған немесе ұсталғандар арасында қылмысқа қатысы жоқ бейбіт азаматтар бар. Жергілікті және халықаралық құқық қорғаушылар билікті бейбіт шеруге ғана қатысқан, пікірін айту құқығын жүзеге асырғысы келген азаматтарды қудаламауға, оларды дереу босатуға шақырған.

### Қазақстанда жанармай құюмен айналысатын 4 ірі компания тексеріліп жатыр

*Қазақстанда жанармай құюмен айналысатын 4 бірдей ірі компанияның жұмысы тексеріліп жатыр. Олар «Гелиос», «Синойл», «ГазПромНефть-Қазақстан» және «ПетроРетейл» желілері. Жалпы дизель отыны нарығында жұмыс істейтін компанияларға қатысты 12 тексеріс жүргізілуде.*

Бұл туралы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин мәлімдеді. Оның сөзінше, қазіргі таңда нарыққа күнде мониторинг жасалып отыр. Бағаны көтеру деректері анықталса дереу ескерту беріледі. Оны орындамағандарға әкімшілік жаза қолданылады.

### Үкімет инфляцияны тежеу тетіктерін ұсынды

*2025-жылға қарай еліміздегі инфляция деңгейі 3-4 пайыз деңгейінде болуы шарт. Мемлекет басшысы жуырда өткен Мәжіліс отырысында Үкіметтің алдына осындай міндет қойған. Бүгін Ұлттық экономика министрі бұл межеге жетудің жоспарын жариялады.*

Ең әуелі, биыл қымбатшылықты болдырмау үшін көктемгі егіс жұмыстарына қаржыландыру ұлғайтылып, субсидиялау жүйесі жетілдірілмек.

Екіншіден, көмір мен коммуналдық қызметтердің бағасын реттеу жоспарланып отыр.

Үшіншіден, монополияға қарсы күрес күшейіп, жұмыс өнімдері нарығындағы делдалдар қысқартылмақ. Былтыр қыркүйек айында ресми инфляция деңгейі 8,9 пайызға дейін жеткен. Желтоқсанда 8,4 пайыз болды.

### Тәртіпсіздік кезінде ұсталған 676 адам қамақтан босатылды

*Прокурорлар өтініші бойынша ереуілге қатысқан 676 адам қамақтан босатылды.*

Елдегі тәртіпсіздіктер бойынша барлығы 8354 әкімшілік іс сотқа жеткен. Бұл туралы Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазин Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде мәлім етті. Елдегі тәртіпсіздіктерге байланысты «ауыр» және «аса ауыр» қылмыстар бойынша 695 сотқа дейінгі тергеу басталды. Олардың ішінде 44 – терроризм актілері бойынша, 15 – кісі өлтіру бойынша, 6 іс – насихаттау фактілері және билікті басып алуға шақыру бойынша қозғалған.

Күдікті ретінде 780 адам ұсталды. Оның 695-ін сот қамаққа алды.

### Қарағанды облысында аусыл ошағы жойылды

*Мал иесіне нарықтық бағамен өтемақы төленеді. Еске салсақ, осыдан бірер күн бұрын Шет ауданының Киікті ауылындағы қыстаудың бірінде екі бас малдан аусыл індеті анықталды.*

Енді бір қорада тұрған барлық мал өртеледі. Шаруа қожалығында карантин жарияланған. Соған орай төрт түлікті, мал өнімін қыстаудан шығаруға тыйым салынған.

Қазір індет ошағында залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аусыл ірі қара ішінде аса қауіпті індет саналады. Ет, сүт арқылы адамға тез жұғады.

## МӘС-САҒАН!

***Өткен аптаның соңында Сәтбаев қаласының тұрғындары бір дүрлігіп алды. Оған қаланың коммуналдық саласындағы апатты жағдай себеп болды. Сенбі күні таңғы сағат 4.30-да қалада жылу мен суық су тоқтады. Төсектерінен тоңып оянған ел үрпиісіп қалды. Жан-жақтарын қарманып, қалта телефондарын тауып алып ойға-қырға қоңырау шалды. Естіген жауаптары: «Апатты жағдай орын алды. Сабыр сақтаңыздар» болды...***

# ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУДА

## ҚАЛАДА ЖЫЛУ мен СУ ТОҚТАДЫ. НЕГЕ?






Үйден жылу кеткен соң ұйқыдан да мән кетпей ме. «Бәтір-ау, бұлар ала жаздай нелерін бітіреді. Қысқа бәрі сақадай-сай деп рапорт бергенде ертеңін неге ойламайды осылар» деп күңкілдесіп отырып шай ішіп, бойларын жылытты.

Қойшы, не керек. Таң алдында тоқтаған жылу түс ауа, суық су іңір түсе берілді-ау. Әбүйір болғанда ол күні ауа райы да жылымық болды. Егер арқаның аязы ақырып тұрғанда тоқтаған жылу біраз шырғалаң тудырар ма еді. Ондай жағдай сәтбаевтықтардың басынан тоқсаныншы жылдардың басында өткен. Қала жылусыз қалып, ел құдықтан су тасып ішкен. Оның бетін ары қылсын.

Сонымен, «кеден кеден болды, кедергі неден болды?» демекші, елді дүрліктірген апатты жағдайға не сепепші болды? Қыстың көзі қырауда қалада жылу мен су неге тоқтады? Осы сауалға жауап іздеп әкімдікке телефон шалып едік, мардымды жауап ала алмадық. (*Бір-біріне сілтеген мамандардың ісіне қарап отырып жұмыр басқа «осы, біздің футболшыларды әкімдікке бір жыл маман етіп қойса, бір-біріне пас беруге машықтанып шығар еді-ау» деген де ой келеді*).

Ұзын сөздің қысқасы, тамыртаныска телефон шала отырып тапқаным мынау болды. Соңғы кездері ауа райының тұманды, жылымық болуы салдарынан жоғары кернеулі тоқ желілерінің бойына қырау қалың қатқан. Оның салмағын көтере алмаған темір бағандар майысып, құлаған. (*Суреттерде*). Салдарынан тоқ болмай Ескұладан су, қазандықтан жылу беру тоқтаған.

Жазған құлда шаршау барма? Отыра қалып Сәтбаев қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы Ержан Тоқымбаевка телефон шалдым.

– Бұл енді ауа райының салдары ғой. Сымға қырау қалың тұрып, ақырында бағандарды құлатты. Жылу қазандығы қаланың орталығында болғандықтан, оған резервтегі желіні іске қосып, апат салдары толық ретке келтірілгенше аз-аздап жылу берді. Ал, Ескұла су сорғыларына тоқ беретін ондай резервтік желі жоқ. Сондықтан, бағандар тұрғызылып, іске қосылғанша қалаға ауыз суды жинап-жинап жіберіп отырдық, – дейді Ержан Аманжолұлы.

Мәс-саған! Сонда қалай болғаны. Қаланы сумен жабдықтап отырған стратегиялық нысан бір ғана тоқ желісімен қамтамасыз етілген бе?! Мұнда апатты жағдайда қолданатын баламалы электр қуатын беретін қондырғы неге орнатылмаған?! Бұл сауалдарды да кәсіпорын басшысына көлденең тарттық.

– Резервтік желі тартылған. Бірақ, ол арнайы сынақтан өтіп, өндіріске берілген жоқ. Дизельді мотор орнату мәселесі де қаралған. Былтыр, жөндеу жұмыстары кезінде сондай қуат көзін Қарсақбай кентінен әкеліп едік. Рас, қауқары шамалы, бірақ, елді ауыз сусыз қалдырмау үшін қажет. Келешекте мұндай түйткілді мәселелерді шешу жолдарын нақтылы қарастыратын боламыз, – дейді Ержан Тоқымбаев ағынан жарылып.

**P.S.** ***Апат айтып келмейді. Әсіресе, қыстың көзі қырауда кез-келген жағдайға әзір тұруымыз керек. Бірақ, мына жағдайға қарағанда бізде жайбасарлық басым ба деп қалдық. Олай дейтінім, электрмен жабдықтау кәсіпорны қыстың күндері желі бойын жиі аралап, сымға тұрған қырау мен мұзды қағып, тазалатып тұруы керек еді. Бірақ, олар бұл жұмыста салғырттық танытып, салдарынан ел зардап шекті. Қыруар шығын келді. Ал, кез келген жұмысты қадағалап, талап етіп отыратын қалалық билік қайда? Әлгі, әлеужеліде айта беретіндей олар қарап отыр?..***

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

*Әуесқой түсірілім.*

## БРИФИНГ

# ҚАҒАЗДА АЙДАЙ, ӨМІРДЕ ҚАНДАЙ?




*(Соңы. Басы 1-бетте).*

### ЖОЛДЫ САПАСЫЗ ЖӨНДЕУГЕ ЖОЛ БЕРІЛГЕН

Бұдан кейін арада бірнеше күн салып брифинг алаңынан қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов, «СәтТазалық» ЖШС директоры Әділхан Әметов және «Сенім Строй» ЖШС бас инженері Жанат Байжанбаев табылды. Бұл саланың шаруасы шаш етектен, кордаланған мәселелері де жетіп артылады. Бөлім басшысы журналистермен ашық диалогқа ықтиятты әзірленгені әр мәселе бойынша жеке дара түзген он беттік баяндамасынан айқын аңғарылды. Өткен жылы тұрғын үй-коммуналдық саласы бюджетінің жалпы сомасы 7,8 млрд. теңгені құраған. 2019 жылдан бері Жезқазғанда газбен қамтамасыз ету жұмыстары «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын тарту шеңберінде жеке сектордың тұрғын-үй массивтерін, қала ғимараттарын кезең-кезеңімен газға алмастыруға байланысты жұмыстар жүргізілуде. Жоба құны 14,3 млрд. теңгені құрайды. 2020 жылы 2,2 млрд теңге игеріліп, Талап және Пристанционный кентінде 36,7 шақырым газ құбыры тартылды. Бұл өз кезегінде 434 тұрғын үйдің газдың шапағатын көруіне мүмкіндік береді. Бүгінгі күні Талаптың сегіз үйі көгілдір отынның рахатын көріп отыр. Бөлім басшысы Ержан Жағыпарұлы кезең-кезеңімен атқарылатын ауқымды жоба аясындағы жоспарлы жұмыстарға, оған бөлінген қаржы көлеміне тоқталды. Баяндама барысында 2019-2022 жылдарға арналған Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары аясында атқарылатын жұмыстар да тілге тиек етілді. Оның аясында жылу желілерін жаңарту, қаланың оңтүстік аумағын, Кеңгір кентін сапалы ауыз сумен қамту мәселелері сынды ілкімді істер бар. Жоспар ауқымды, тиісті қаржысы да қаралған, ендігі міндет сапалы жұмыс жүргізу. Мұны не үшін айтып отырмыз?! Талай таңдаулы жобаның кемеліне келмей орта жолдан құйрегенін, оған бөлінген қыруар қаржының желге ұшқанын көріп те, естіп те жүрміз. Елдің игілігіне бағытталғаннан кейін, оның шапағатын қарапайым халықтың көргені керек бізге. Бәрін айт та, бірін айт Ержан Есетов кәріз жүйесі, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою, ұксату мәселесі, жыртығы жамалған жолдар жайы туралы да айтты. Жол демекші, былтыр аулаішілік жолдарды жөнге келтіруге келеңсіздіктер орын алған. Жөндеу жұмыстарына жауапты мердігер «МК Групп» ЖШС салғырттығы салдарынан Анарқұлов, Жанасов, Шевченко көшесі жолдарының жөнделуі көңіл көншітпеген. Бүгінде тараптар арасындағы даулы мәселе сотқа жеткен. Көп мәселеге кегежеміздің кейін тартуына жоспарлы жұмыстарға жауапты мердігерлерді анықтауға байланысты конкурстың кешеуілдеуі де сеп болады. Баска тиген соң ғана жауаптылар осы олқылықтардың алдын алуды қолға алып, кейбір конкурстар бойынша ерте қамданған. Баяндама барысында тұрғын-үй мәселесі, жарықтандыру, абаттандыру, көгалдандыру мәселелері де назардан тыс қалмады. Бұл бағытта үстіміздегі жылы атқарылатын қыруар шаруа тізбектеліп, тегіс айтылды.

### ҚАЛА ҚОҚЫСТАН ТОЛЫҚ АРЫЛМАЙ ТҰР

Одан кейін «СәтТазалық» ЖШС Әділхан Әметов өз саласы бойынша еңсеріліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қоқыс тасымалы – күн тәртібінен ешқашан түспек емес. Лық толған контейнерлердің жыры тұрғындар тарапынан айтыла-айтыла жауыр болған мәселелердің бірі. Жауапты кәсіпорын да қоқыс тасымалындағы іркілісті контейнерлердің аздығымен, техникалардың қаттығымен ақтаудан танбайды. Кәсіпорын директоры баяндама барысында тарифтің 2013 жылдан бері көтерілмегендігін, оның да қызмет көрсету сапасына кері әсер ететіндігін айтып қалды. Биыл тарифті өсіруді көздеген кәсіпорын Президенттің 180 күнге жариялаған мараторийіне байланысты іркіліп қалған. Алдағы уақытта бұл мәселе оң шешімін тауып жатса, тариф жеке тұлғалар үшін 330 теңгеге дейін өспек. Тариф өскен соң, тиісінше қызмет көрсету сапасы да жақсаруы тиіс. Тұрғындар әр төлеген тиыны мақсатта жұмсалуына мүдделі. Туындаған барлық түйткіл тарифті өсірумен шешіле қойса, оны да уақыт көрсетер. Әзірге қоқыс тасымалына байланысты сұрықсыз сурет әр шағын ауданда қылаң береді. Алдағы уақытта кәсіпорын техникаларын жаңартып, қоқыс алаңдарын кеңейтіп, ондағы контейнер санын арттыруға мүдделі. Тараптар талқысы барысында қоқыс алаңдарын әп сәтте толтырып тастайтын сауда нүктелеріне қатысты күрмеулі мәселе қаузалды. Контейнер алаңдарына рейд жүргізу, қоқыс тасымалы ережесін бұзғандармен заң шеңберінде жұмыс жасау, мұның бәрі кәсіпорынның алдында тұрған іргелі шаруа. Бұдан бөлек тұрғындардың қоқыс тасымалы қызметіне қарызы да айтылды. Бүгінгі күні оның көлемі 21 млн. теңгеден асып жығылады. Оны өндіру жолдары, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да журналистер тарапынан қойылған сауалдарға арқау болды.

### «ЖОШЫҒА» БАРАР ЖОЛ ҚАНДАЙ?

Бұқаралық ақпарат өкілдері тарапынан жолданған сауалдардың бірі – «Жошы хан» кешеніне байланысты. Жаңғырту жұмыстары жүргізілгеннен кейін мұнда ат ізін салғандар қатары артқаны жасырын емес. Болашақта бұл аймақты туристік аумаққа айналдыру мәселесі күн тәртібінде. Дегенмен, тиісті инфрақұрылымы болмаса, турист қайдан тартылсын?! Кешенге апаратын тақтайдай жол салына ма, оған қажетті жобалық-сметалық құжат түзілген бе?! Бұл мәселеге келгенде бөлім басшысы Ержан Есетов мардымды жауап бермеді. Республикалық деңгейде шешілетін болғандықтан, жол салу жоспарда бар, бірақ тиісті құжат жоқ, – деген бір ауыз сөзбен шектелді. Одан бөлек брифинг барысында жасыл желектердің жайы, қаладағы саябақтардың жай-күйі, қақпақсыз жатқан құдықтар да тілге тиек етілді. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы саласының жұмысы ауқымды. Әйтсе де, тыңғылықты ұйымдастырылып, уақытылы атқарылса, шешілмейтін мәселе жоқ. Тындағанымыздай, қағазда бәрі айнадай, алайда, өмірде қандай? Жоспарлы іс шашау шығармай атқарыла ма, әлде көбесі сөгілмеген күйі қала ма?! Бөлінген қаржы мақсатты жұмсалып, ауқымды жобалардың ел игілігін көре ме?! Қалай болғанда да, бұқара пайдасын көрсе екен, біздің тілек сол.

**Меруерт НАУРЫЗБАЙ.**

# «JYLY JUREK GROUP» ТАҒЫ ДА ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛАДЫ

***Жезқазған қаласындағы шағын қорлар мен еріктілер ұйымының басын біріктіру мақсатында Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің бас имамы Нұрперзент Омаров осыдан бір жыл бұрын «Жылы жүрек group» атты қор ашқан болатын. Бүгінде Нұртаза Каликов басқаратын аталмыш қордың мақсаты – күн көрістің машақатын тартып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған аз қамтылған отбасыларға, жарымжан жандарға көмектесіп, қол ұшын беру.***



Жақсылық жасауды міндетіміз деп есептейтін қайырымдылық қоры ай сайын Жезқазған-Сәтбаев қалаларындағы аз қамтылған отбасыларына азық-түлік қоржынын таратуды дәстүрге айналдырған. Осы үрдісінен айнымаған олар өткен аптада да қанаттас жатқан қос қаланың 100 аз қамтылған отбасына азық-түлік қоржынын тегін үлестіріп тағыда бір қуанышқа бөледі.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» дейді қазақ. Сондай-ақ, жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі.

Аталмыш қор осы жақында ғана «Асар уме» қорымен бірігіп Жезқазғаннан және Сәтбаев қаласынан бір-бір отбасының баспаналы болуына ұйтқы болды.

Қордың айт мейрамында, балалар мерекесінде, мектепке дайындық кезінде Қарағанды облысы Әнет баба мешітіне қарасты «BIRLIK» қайырымдылық қорымен бірлесіп балаларды ойын орталықтарына апару, мерекелік дастарқан жаю, мектепке керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету сынды қайырымды істермен де айналысып жүргенін де айта кеткен жөн.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

# ҚҰБЫР АСТЫНДА ҚЫСТАЙТЫНДАР

## ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

***Күннің суып, аяздың түсуі кім-кімге де оңай соқпасы белгілі. Осы тұста айрықша әбіржуге түсетіндердің бірі – көшедегі үй-күйсіз жандар. Қыс қыспағына алған мезгілде қала көшелеріндегі қайыр тілеушілердің де саны күрт артып кетеді. Ішімдікке сылқия тойып, ес-түссіз халде көрінген жерде жатқандар мен жылу құбырларын паналап жүргендерді де көзіміз шалып қалады. Олар қандай халде күн кешуде, қалай жан бағуда деген сұрақтар көптің көкейінде жүретіні рас. Дегенмен олардың жағдайын білуге аса құлықты емесімізді де мойындауымыз шарт. Сондықтан осы тақырыпты тереңірек зерттеуді жөн көрдік.***



Мысты шаһардағы «кезбе адамдар» көп жүретін көшелердің бірі – Алаша хан даңғылы. Қаладағы бас даңғыл бойында жылу құбырларын паналаған оларға көбіміздің көзіміз үйреніп те қалған. Дегенмен жылу құбыры маңындағы аяқ асты шашылып жатқан ас атасы мен бос бөтелкелер және темекі тұқылы кім-кімге де жағымды әсер қалдырмасы сөзсіз. Бұл бір жағынан қала келбетіне де үлкен сын. Ас ішіп, дәретін де бас көшеге қалдырады. Қолқаны алған мүңкіген иіс өткен-кеткеннің жиіркенішін тудырып, жүрегін айнытады. Сонымен құбыр астындағы тіршілік қалай екенін білмек мақсатта әлгі жерге барып, ондағы «тұрғындардың» хал-жайымен таныстық. Жаздыгүні күніне бірнеше мәрте көзіміз шалатын оларды қыстыгүні күндіз кезіктіре алмадық. Мүмкін өз жөндерін тауып кетті ме екен деп ойлағанымызбен, қас қарайған шақта барғанды да жөн көрдік. Расында да олар түнемелікке үйреншікті жерлеріне оралады екен. Шақыртусыз келген қонақтарды аса қатты жақтыра қоймайтын олар бізді көре салысымен құбыр қуысына тығала, қараңғылық қойнына сіңіп кетті. Бұл жолы оларды сөзге тарта алмағанымызбен, келесі күні жүздесудің сәті түсті. Түн ортасында құбыр жанында тәтті ұйқы құшағында жатқан оның аты-жөні Александр Дер болып шықты. Ол өзінің неліктен осындай жолға түскенін аса ашып айтпады. Дегенмен туыстары барын, бірақ құлқынның құлы болып, осындай жолға түскенін жасырмады. Сондай-ақ өзіне ешкімнің көмегі қажет емесін, өмірлік қиын жағдайға тап болған жандарға көмек көрсету орталығы көмегінен үш рет бас тартқанын жеткізді.

Мәселенің анық-қанығын білмек мақсатта сол орталықтың басшысы Жақып Аймырзаға хабарластық. Қала бойынша осындай қайыр тілеп, күнін көріп, көшеде түнеп жүргендер саны 6-7-еу ғана екенін, соның бірі осы Александр екенін айтқан ол аталған орталыққа ешкімді де күштеп орналастыра алмайтындықтарына назар аударуды сұрады.

– Өмірлік қиын жағдайда қалғандарды бейімдеу орталығында бүгінгі таңда 28 адам жатыр. Алдағы күндері тәртібін түзеу мекемесінен 10 шақты адам келмек. Біз орталықты тек көшедегі қаңғыбастар жататын мекен ретінде қабылдамауымыз қажет. Өйткені бұл жерге аты айтып тұрғандай әр түрлі қиын жағдайға тап болып, тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандар келіп көмек сұрай алады. Мысалы, қалаға қыдырып келіп, құжаттарыңыз бен ақшаңызды жоғалтып алуыңыз мүмкін немесе аяқ асты баспанасыз қалуыңыз мүмкін. Міне, сондай сәттерде олар алғашқы кезекте біздің көмегімізге жүгінуі қажет. Кейде осыған біздің менталитет кедергі болып жатады. Дегенмен ол бұл жерде мәңгі тұрақтамайды ғой. Көмек алып, құжаты дайын болған соң өз жөнімен кетеді. Егер жұмыс керек болса, біз жұмыспен қамту орталығымен бірлесе отырып, олардың екі қолға бір күрек табуына септігімізді тигіземіз, – деген Жақып Аймырза құбыр астын паналаған жезқазғандықтардың барлығының жайынан хабардар екенін жеткізді. Оның сөзінше анасы және әпкесімен бірге тұратын Александр Дерді бірнеше мәрте Жезқазған қалалық полиция басқармасының қызметкерлері көріп, осында хабарласқан. Оның сөзін растайтындықтарын айтқан ол азаматтардың келісімінсіз ешкімді де күштей алмайтындығын және ескертті.

Көшеде сұлқ түсіп, тас жолды төсек еткендердің қатарында Даниил Мулаянов та бар. Әсіресе, перзентхана маңында өткен-кеткендерден ақша сұрап маза бермейтін ол да жылы орын, жайлы төсектен гөрі елдің берген азды-көпті тиынына өмір сүргенді жөн көреді. Жұрт ақша беруден бас тартса әр дүкенге кіріп, тамақ сұрап, жұрттың жаны ашып берген тамағын талғажау етеді. Одан қалса бос бөтелке мен темір-терсек өткізіп, күн көреді.

Алақан жайып, көмек сұрайтындардың бір парасы кісі қарасы қалың Сейфуллин көшесі бойында да мол. Солардың арасында күн сайын түс ауа «Траст» сауда орталығының алдына келіп, емге қаражат сұрайтын Ерік есімді жігітті байқамау әсте мүмкін емес. Дегенмен оның халі жоғарыда сөз еткен екі кейіпкерден бөлектеу. Бұл азаматтың жағдайымен танысу мақсатында қасына жақындап, мән-жайын білу үшін сөзге тарттық. Алғашында еміне 100 000 тг керек екенін айтқан ол барлық сұрақтар бойынша анасына хабарласқанымызды қалады. Осылайша Еріктің анасы Гүлнәрмен де телефон арқылы тілдесуге тура келді. Анасының айтуынша, Ерік Мұқаш – ІІІ топтағы мүгедек. Бүгінде анасы, анасының жұбайы және екі қарындасымен Сәтбаев қаласындағы жатақханалардың бірінде тұратын Ерік біраздан бері сол жатақханада вахтер болып жұмыс істеген екен. Жақын арада белгісіз себептермен жұмыстан шығарылған оның және анасының жалғыз тілегі бұрынғы жұмысына қайта оралуы болып отыр. Еріктің еміне 100000 емес, одан да көп қаржы қажет екенін айтқан анасы, мемлекеттен мүмкіндігі шектеулі жандарға берілетін зейнетақының тамақтың өзіне әрең жететінін, одан бөлек ұлына ай сайын қаншама дәрі-дәрмек қажет екенін айтып налыды.

– Біз Сәтбаев қаласында тұрамыз. Мен ұлыма «Мұныңды қой. Жұртқа алақан жайма!» деймін. Ол мені тыңдамайды. Қазір жұмыссыз қалған ол өзін масыл сезінеді. Жатақханада құр қол жатқысы келмейді. Өзгелер сияқты денсаулығы болмағандықтан, оны ешбір жер жұмысқа алмайды. Амалсыздан Сәтбаевтан автобусқа мініп, Жезқазғанға жол тартады. Күн сайын сонда барып, тапқан тиынын бізге әкеліп береді. Оның балалық шағы қиын болды. Өз әкесі шалғайда тұрады әрі одан еш көмек болған емес. Ұлымның халі жанымды қынжылтады. Ең болмаса жұмысына көңілі бөлініп, ойы сергіп жүретін. Жұмыстан шыққалы мінезі тұйықталып, көше кезуден басқа амалы қалмады. Қыстың қақаған күнінде ауырып не болмаса екі ортада бірдеңеге ұшырап қалмаса екен деп жаным шыр-пыр болып отырады, – деген Гүлнәр ханым баласына жанашырлық танытар мейірімді жандардан көмек көрсетулерін сұрайды.

Сан түрлі тағдырлар сабылысып жататын мына өмірде күйбең тіршілік қамымен айналамызға назар салуға мүлде мұршамыз болмай жататыны рас. Кей кездері көп нәрсеге көңіліміз толмай, шүкіршілік етуді де ойдан шығарып алып жатамыз. Осындайда бүгінгі мақаламызға арқау болған адамдар туралы ойланып, олардың өміріне көз тастап көргеніміз дұрыс болар еді. Ақ қар, көк мұзда құбыр астын пана еткен осынау «кезбе» тұрғындарды көріп, көп жағдайда жауапты мекемелер тарапынан қажетті жұмыстар атқарылмай жатыр деген ойда қаламыз. Дегенмен әр адамның өмірінің жақсы не жаман жақта өрбуі өз қолында және өз таңдауына тікелей байланысты екенін де естен шығармағанымыз абзал. Қала дегенде де «Оң қолымның бергенін, сол қолым көрмесін», «Садақаны саулығында бер» деген сөздерді өмірлік ұстанымы етіп, мұқтаж адамға жанашыр бола білген ұлттың ұрпағымыз. Садақаның сауабы мол екенін ислам дінінің қасиетті құран кітабы да растайды. Әрине, басың аман, денің сау, он екі мүшең аманында өзгеге масылдық тудырмай, маңдай тер, адал еңбегіңмен нәпақаңды айырғанға не жетсін! Әр жақсылықтың өз қайтарымы болатыны анық. Қайырымдылық жасаса деп көз тігіп, қол жайғандарға қараған жөн-ау. Екінші жағынан біреудің өз балаларына бір күндік нанын алып беретін адал еңбекпен тапқан ақшасына екінші біреулердің жеңіл жолмен қол жеткізгені де жөн емес шығар. Қанша адам болса, сонша тағдыр, сонша өмір сүрлеуі бар. Қалай десек те, денсаулық жағдайына не мүгедектігіне байланысты болмаса, қандай да бір еңбекке жарамды жанның көз сатып, пұл табуды кәсіпке айналдырғаны қоғамдағы бір олқылықтан хабар беретіні де ақиқат. Халықты тәрбиелеу – мемлекет парызы. Олай болса, әрбір түйір нанның маңдай термен суарылған алқаптан өнетінін түсініп, өзі де еңбекке құлшынатын қоғам қалыптастыра алсақ, құбыр астын – баспана, садақаны – нәпақа көріп жүргендер мүлдем тыйылар ма еді?!...

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚЫСҚА НҰСҚА

### 37 АДАМ ҰСТАЛДЫ

***Сәтбаев қалалық полиция бөлімінің басшысы Еркебұлан Байзақовтың айтуынша қала аумағында қаңтардың 5 мен 13-і аралығындағы төтенше жағдайға байланысты жарияланған коменданттық сағат талаптарын бұзған 37 адам ұсталып, оның сегізінің ісі сотқа өтіпті.***

Сот шешімімен бұл азаматтарға 40 мың теңгенің көлемінде айыппұл салынған. Ішінара қатаң ескерту алғандары да бар.

– Ал, өзге азаматтар Мемлекет басшысының төтенше жағдайды тоқтату туралы Жарлығы шыққаннан кейін әкімшілік жауапкершіліктен босатылды. Оларға да ескерту жасалды, – дейді Еркебұлан Нұрбалаұлы.

### ЖАУАПСЫЗДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

***Коменданттық сағат талаптарын бұзған жандар Жезқазған қаласында да болды.***

Қалалық полиция басқармасының берген ақпаратына қарағанда мысты шаһардың 54 тұрғыны беймезгіл уақытта бейтарап жүріп ұсталған. Олардың 32-сіне әкімшілік шара қолданылса, 21-іне ескерту жасалған. Ал, бір азаматқа қомақты мөлшерде айыппұл салыныпты.

### 583 БАЛА PFIZER АЛДЫ

***Қазір елімізде ковидке қарсы вакцина алу қарқынды жүріп жатыр. Үстіміздегі жылдан бастап балалар мен жүкті әйелдерге және бала емізетін аналарға Pfizer вакцинасын салу да қолға алынды.***

Бұл жұмыс Сәтбаев қаласының білім беру мекемелерінде жүйелі жүргізілуде. Сәтбаев қалалық білім бөлімінің осы іске жауапты бас маманы Гүлбану Хасенованың айтуынша бүгінгі күнге дейін 583 бала Pfizer екпесін алған.

– Оқушыларға екпе жасау үшін қаланың барлық мектептерінде екпе орындары жабдықталды. Мектептің медбибілері арнайы курстан өткен. Екпе ата-аналардың келісімімен салынып жатыр, – дейді бас маман.

### ҰЛЫТАУДА ЭПИДАХУАЛ ҚАЛЫПТЫ

***Соңғы апталарда елімізде коронавирус инфекциясына байланысты эпидемиологиялық ахуал күрт өршіп кетті. Елдің көптеген өңірлері қызыл және сары аймаққа кірді.***

Соған қарамастан Ұлытаудағы эпидахуал әзірге қалыпты. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Ерлан Танабаевтың айтуынша қаңтардың 1-і мен 19-ы аралығында 7 жағдай тіркелген. Індеттің ілмегіне ілінгендер қатарында 14 жасқа дейінгі балалар жоқ.

– Сырқаттардың үшеуі Ұлытау селосынан болса, Аманкелді, Алғабас, Сарысу, Қаракеңгір ауылдарынан бір бір адамнан. Қазір инфекция шыққан осы бес ауыл қатаң бақылауға алынып, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Ал, сырқатқа шалдыққандармен тығыз байланыста болды деген адамдар оқшауландырылды, – дейді Ерлан Танабаев.

**Топтаманы әзірлеген Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**«... Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар мен тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да бай адамдар тобы пайда болды. Енді Қазақстан халқына тиесілiні беретін және оған жүйелі әрі тұрақты негізде көмектесетін уақыт жетті деп есептеймін. Сондықтан Үкіметке компаниялар қатарын анықтау және олармен Қорға бөлінетін жыл сайынғы жарна көлемін келісу қажет болады. Сонымен қатар іс жүзінде орасан қаражатқа ие бола отырып, көлеңкеде қалып келе жатқан тұлғалардың да белсенді қатысуын күтемін».**

***Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі. Мұны естіген елдің бәрі «Әп, бәрекелді!» деп бір желпініп қалғаны рас. Жердің шұрайлысын еншілеп, елдің қазынысын қарпып, байлықтан мас болғандар шетел шығып, серуен құрып, миллионға торт жасатып есіріп кетті емес пе. Мұны көрген ел «желге шашқан ақшаны жарлы-жақыбайларға берсе қайтеді» дегенді талай рет айтты да. Айтып та жүр. Бірақ оған құлақ асқандар қане?! «Мың асқанға бір тосқан» деген осы. Мен мұны байдың барын қызғанғандықтан айтып отырғаным жоқ. Қайырымсыз болып кеткендеріне налығаннан айтып отырмын.***

***Жә, әңгіме мұнда емес. Әңгіме Мемлекет басшысының осы айтқан сөзі шын мәнінде жүзеге асырыла ма, кейін сиырқұйымшақталып кетпей ме деген күмәнді ой төңірігенде өрбімек. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дейді атам қазақ. Бұған дейін де талай рет осындай жылы сөздер айтылып, жабулы қалпында қалған кездер аз емес. Сондайды көрген соң ба, көңіл шіркінге күмән көп ұялайды екен. Одан қалды, өмір бойы*** (30 жыл да бір адамның ғұмыры ғой. – **Авт**.) ***«жиған-тергенімен» кім оңайлықпен бөлісе қояды дейсің деген сауал да сумаң етіп бас көтереді. Соның бәрін сейілтейін деген мақсатта қаламыздың бір топ белгілі тұлғаларына телефон шалып, «Сіз, не дейсіз?» деген ортақ сауал тастадым.***

***Сонымен, онлайн форматтағы ой бөлісу отырысына қош келдіңіздер. Пікірлер ағынының тиегін ағытпас бұрын әуелі осы отырысқа орамды ой, пайымды пікірлерімен бөліскелі келіп отырған қонақтарымызды таныстырып өтейін. Жазушы, драматург һәм аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі – Кенжебай АХМЕТОВ, белгілі меценат, қоғам белсендісі – Бекзат АЛТЫНБЕКОВ, тіл жанашыры, ақын, Жезқазған қаласының құрметті азаматы – Ғазиз ЕШТАНАЕВ, өлкетанушы, ақын – Бағдат БАЙЖАНТАЕВ, Ұлытау-Жезқазған өңірі фермерлері қауымдастығының төрайымы – Гүлназ ОМАРОВА мен аймақ фермерлері Жарқынбек БӨЛЕНДИН және Жансап ӘШЕНОВ ағамыз арнайы қатысып отыр.***

# «ҚАЙТҚАН МАЛДА БІРАҚ ОҒАН БАЙЛАР

## КҮДІК пен СЕНІМ АРПАЛЫСЫ

***– «Хрущев алған байталды, Брежнев келіп қайтарды» деген сөз бар еді кешегі Кеңес өкіметінен қалған. Қасым-Жомарт Кемелұлы да Назарбаевтың тұсында мейманасы тасығандарға «елге тиесілiні қайтар» дегенді айтып отыр. Бұл қаншалықты шынайы айтылған сөз? Кешегі аласапыраннан кейін елдің бетін бұру үшін жасалған амалдардың бірі емес пе екен деген пікір де қалыптасты ел ішінде. Оны өздеріңіз әлеужелідегі әртүрлі әңгімелерден аңғарып та жүрген боларсыздар. Осындай алмағайып тұста елдің бетін дұрыс жолға бұрып, ақ пен қараны ажыратып айту Сіз бен біздің еншімізде. Жөнін айта алмасақ бізге серт, бұрыс кетіп жатса елге серт. Ендеше бастадық. Қалам ұстағанның қарымы бар ғой, әңгімені Сіз бастасаңыз Кенжеке. Елдің бұл пікіріне Сіз, не дейсіз?***

– Ассалаумағалейку, әлеумет. Сөз бастау қашанда қиын ғой. Дегенмен бастап көрейін.

Ел Президенті Мәжілістің 11 қаңтардағы отырысында сөйлеген сөзінде біздің елімізде өте жоғары көлемде пайда тауып отырған компаниялар мен халықаралық өлшеммен қарағанның өзінде аса дәулетті саналатын адамдар тобының пайда болғанын айтып өткені белгілі. Сонымен қатар, олардың өз байлығынан Қазақстан халқына тиесілiні жүйелі түрде қайтаруға тиіс уақыты жеткенін де алға тартты. Үкіметке олардың «Қазақстан халқына» аталатын қорға жыл сайын аударып отыратын жарна көлемін нақтылауды да тапсырды.

Ал Президент тапсырмасы аяқсыз қалмауға тиіс. Нақты айтылған тапсырманың соңы сиырқұйымшақтанып кетер болса, онда Мемлекет басшысына да, Үкіметке де халық сенімі жоғалады. Бұл жағдайды Сіз бен біз сияқты, билік те жақсы түсінеді деп ойлаймын. Қалай дегенмен, халық алдында айтылған Президент сөзінің жауапкершілігі аса жоғары болуға тиіс.

***– Жақсы. Сіз, алаңдауға еш негіз жоқ дейсіз ғой. Ал бұл жөнінде белгілі меценат Бекзат бауырымыз не дер екен.***

– Хош көрдік, ағалар. Мен де осыны айтпақпын. «Халықтың бетін бұру» деген әңгіменің ендігі жерде айтылатын жөні жоқ. Халықтың белсенділігі мен саяси сергектігіне ресми биліктің көзі жетті. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 11 қаңтардағы мәлімдемесінде қойылған талаптар мен Үкіметке жүктеген міндеттерінің барлығы өміршең деп айта аламын. Сондай-ақ, мәлімдемеде қамтылған барлық мәселе – ел күткен мәселе. Оның ішінде «Байлар елге тиесілiні қайтаратын уақыт жетті» деген талабы қарапайым халықтың билікке деген сеніміне серпін бергенін ерекше атап өтуге тиіспіз. Олар қандай мүмкіндіктер арқылы байлығын еселеп, дәулетін шалқытты? Мұны билік өкілдерінен бастап, қарапайым халыққа дейінгі қоғам мүшелері бес саусағындай біледі.

Жасыратыны жоқ, бізде шынайы ақпараттың өзіне сенбейтін жағдайға келдік. Оған халық кінәлі емес. Жылдар бойы жалғасқан науқаншылдық пен нәтижесіз реформалардың салдарынан сондай күйге түстік. Яғни, өздеріне деген осыншалықты сенімсіздікті билік өзі қалыптастырып алды.

Ал, Президентіміздің бұл жолғы мәлімдемесі ақиқаттан алшақ кетпеген, елдің әлеуметтік ахуалына шын алаңдаған биліктің сөзі деп айта аламын.

***– Бұл жөнінде Ғазиз ағаның пікірін білсек. Сіз не дейсіз?***

– Орта толсын, игі-жақсылар. Меніңше уақыт, дәлірек айтсақ, соңғы кездері көпшіліктің алаңға жиналып, өздерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына байланысты пікірлерін білдіріп, басқару жүйесіне деген наразылықтарын ашық айту қарекетінің көбеюі, әлеуметтік желілердегі көпшіліктің пікірі, көзіміз көріп, көңілімізді қарайтып жүрген қайсыбір тамыр-таныстарымыздың тұрмыс деңгейі, көпбалалы отбасылары мен тұрмысы төмен жандардың хал-ахуалы кімді де болса ойландырмай қоймасы анық. Бүгін болмаса ертең шешілер деген үмітпен жүрдік. Жолдаудан Жолдауға дейін «сабыр керек, шыдам керек», «айтты ғой, түзеледі бәрі» деп келдік. Ол үміт ақталмады. Жаңаөзендіктердің «әлеуметтік жарылысы», оған елдің барлық аймақтарында қолдау білдірілуі – шыдамның шегіне жеткендігі. Бұдан арғы оқиғаның немен тынғаны баршаңызға белгілі. Содырлардың сойқанына ұласып кетті. Шүкір, жат пиғылдылардың ел тәуелсіздігіне төндірген қаупінің бетін қайтардық. Егер бұқара халықтың бүйірі толып, бақуатты өмір сүріп жатса, ел басқару ісі жұрт көңілінен шығып жатса, әділдік үстемдік құрып тұрса, жаңаөзендіктердің алаңға жиналып несі бар еді? Жалпы жұрт көтерілердей не «жын» бар еді? Сауалыңызға жауабым мынау: біріншіден, «байларда кедейлердің ақысы бар», бұл – мен тауып айтып отырған сөз емес, хадис сөзі; екіншіден, бай мен кедей арасы тым ажырап кетті. Ашкөз, қомағай, құлқынын құрт жеген, ындыны жаман қайырымсыз байлар шықты. Олар соңында сүйегін сүйретіп, ілініп-салынып келе жатқан кедей-кепшіктерге көз қырын да салған жоқ. Мен бұл сөзді «баламды үйлендіремін» деп намысқа тырысып, барын сатып, жанашырларынан қарыз алып, той біткен соң ауырмай-сырқамай мылқау болып қалған қазақты білген соң айтып отырмын. Әлгі жалы күдірейген, жаясы жалпиып, бүйрек майы тұтасып кеткен олихархтарды маңдайдан ұрғандай етіп тоқтатып, бетін халыққа қарай бұруды көздеген мәлімдемеге өз басым ерекше қуандым әрі оған сенемін. Бүйтпейінше біз ие бола алмайтын «әлеуметтік жарылыстың» көкесі болады. Меніңше, бұл дүрліккен жұртты тоқтату үшін пайдаланылған айла-әдіс емес. Егер олай болса, онда болашағымыздан не үміт, не қайыр? Болған істің ақ-қарасы мәлім боп, Мемлекет басшысы шиырған асықтың қалай түсетін көреміз. Оған көп уақыт кете қоймас. Бұған да шыдайық.



Кенжебай АХМЕТОВ



Бекзат АЛТЫНБЕКОВ



Ғазиз ЕШТАНАЕВ

***– Осы ойларды Бағдат бауырымыз толықтырса. Айтылған жай туралы Сіз не дейсіз?***

– Әрине, алдыңғы буын ағалардың әлгінде айтқан әңгімелері сұрағыңыздың шұрайын келтірді. Әйтсе де, мен де бір ауыз пікірімді білдіре кетейін.

Мемлекет басшысының «Қазақстан халқына» қорын құру өте орынды ұсыныс және ол мемлекетті құраушы ұлттың да менталитетімен сәйкес келеді. Қазақта мықты екі байы бар ауылда кедей адам тұрмаған. Сол екі бай ауыл нашарларын бөліп алып, үнемі көмектесіп отырғаны белгілі. Мемлекет басшысы бұл жолы да жоғары мәдениеті мен мықты мәмлегер (дипломат) екенін көрсете білді. «Мемлекеттен ұрлаған ақшаларыңды қайтарыңдар» деген жоқ. Әйтпесе, «Мемлекет ресурсын пайдалана отырып тапқан табыстарыңның бәленбай пайызын қорға құйыңдар» демеді. Тек үкіметке сондай компаниялар мен бай адамдарды анықтап, жарна көлемін белгілеп, «Қазақстан халқына» атты қор ашып, оған тұрақты жарна төлеп тұруын тапсырды. Бұл компаниялар мен бай адамдардың еш қудалауынсыз өздерінің артық активтерін ерікті түрде еркін жариялауына, қайырымды іс жасап, халықтың ықыласына бөленуіне тудырып отырған тың мүмкіндік. Тек сол мүмкіндікті дұрыс түсініп, пайдалана білсе нұр үстіне нұр болар еді. Бұл елдің бетін бұру емес, мемлекеттің оң өзгерісі. Халық тілеуі, уақыт талабы. Әділетті қоғам, әлеуетті мемлекет құруға бет бұрыс. Мемлекет басшысының жаңа Қазақстанды құру идеясы – тың өзгерістердің кепілі боларына сенімдімін.

***– Хош. Сонымен бірінші күдігімізді бір сейілтіп алдық. Әйтсе де, артта тағы бір алаң көңіл тұр. Қор құрылар-ау, бірақ оның ғұмыры қандай болады. Бұған дейін де талай қорлар құрылып, жиналған қаржы талан-таражға түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті емес пе?! «Қазақстан халқына» қоры да солардың кебін киіп жүрмей ме. Сіз не дейсіз? Бұл сауалға байланысты әңгімені ортамыздағы жалғыз ару Гүлназ ханымнан бастасам деймін. Гүлеке, хош келдіңіз!***

– Рахмет. Осындай алқалы отырысқа шақырғандарыңызға алғысымды білдіремін. Және аймағымыздың айтулы азаматтарымен бірге ой бөлісу мен үшін үлкен ғанибет.

Ал енді сіздің сауалыңызға келейін. Халық қоры болғаны жалпы дұрыс деп ойлаймыз, тиімді болар еді, Президентіміз айтқандай халқымыз өзі жинап, өзі басқарса, арнайы Халықтық қоғамдық кеңестің не ұйымның тікелей құзырында, бақылауында болса. Бұл енді жалпы Қоғамдық санамыздың қандай екеніне байланысты. Бұл біздің аймақ фермерлерінің ортақ пікірі.

Өзімнің жеке пікірім – қаптаған жекелеген қорларды құра бергенше (Алаяқтық қорлар да бар **Г. О.**) осындай ортақ халықтық қор болғаны дұрыс. Мысалға «Қарекет» қоры сияқты. Байлықтың бәрі өзімдікі емес, Аллаһ тағалаға ғана тиесілі деп қарау керек!!!

Ал, қордың ғұмыры ұзақ болуы, жиналған қаражат ашық көрсетіліп, кез келген тұлғаға ашып көріп, толық мәлімет алтындай қол жетімді ақпаратын алып отырса. Бәрін бақылауда ұстап отырса, ешқандай талан-таражға ұшырамайды. Айналып келгенде бұл да қоғамдық санамызға байланысты.

***– Жақсы, рахмет. Ғазеке, сіз не дейсіз?***

– Дәулеті шалқыған олихархтар халыққа бұрылып, орта дәулетті байлар жиған-тергенімен бөлісіп, қаржы құйылып жатса, Мемлекет басшысының тікелей бақылуында болып, қор қаржысының қозғалысы халықтың назарында болса ғұмырлы қор болады деп ойлаймын.

***– Жөн екен. Енді Бағдат Тілеуліұлын тыңдасақ.***

– «Торғайдан қорыққан егін екпейді» дейді біздің қазақ. Қор құру идеясы хайп жасаудан емес, қажеттіліктен туған дүние. «Қазақстан халқына» қоры бір қарағанда мақсат-міндеттерімен, акционер иесі үкімет екендігімен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының кіші моделі сияқты көрінгенімен оның функциялары халықтың әлеуметтік осал топтары мен көп балалы аналарына арналып, жастардың жетілуіне, білім алуына, баспаналы болуына, науқас жандардың еміне, білікті мамандарды тұрақтандыруға, ауыл шаруашылығын көтеруге бағытталары сөзсіз. Өткенге салауат айтып, келер күнге үмітпен қараған елміз. Қазір 1931 – 1932 жылдың аштығын көрмеген, 1937 – 1938 жылдардың қуғын-сүргіні мен 1941 – 1945 жылдардың соғысын сезбеген, 70 жыл бодан болып, санасы уланбаған, бәле-бақырдың бәрінен алыс, Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз ойлап, білім алған, жүрегі біліммен ағарған, қолы иманмен тазарған, уызына жарыған тоқ ұрпақ билік басына келіп жатыр. Міне, осы ұрпақ өз өзгерісін қалайда алып келері анық. Қор басшысына да осындай жастар тағайындалса, оның ғұмыры ұзақ, тұғыры тамырлы болары күмәнсіз.

***– Мағжанша айтқанда «Мен жастарға» сенемін дейсіз ғой, Бәке. Жөн-ақ. Қысқа да нұсқа пікірлеріңізге рахмет. Бағдат айтқан иманмен тазарған кейінгі толқынның тағы бір өкiліне сөз берейік. Безат Қомарұлы сіз не дейсіз?***

– «Қазақстан халқына!» қорының ғұмыр ұзақ болады. Өйткені, қор жұмысы мөлдір әрі ашық болатынын және билік тарапынан қатаң бақылау болатынын Президент қадап айтты. Халықтың қазынасына оңды-солды қол сұғудың түбі бір өтеуі болатынын кешегі «қаңтар оқиғасы» нақтылады.

# ҚАЙЫР БАР»

# ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ?..



Бағдат БАЙЖАНТАЕВ



Гүлназ ОМАРОВА

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Ұлттық қор» құрылған кезде де оппозициялық ұйымдар мен халық тарапынан дәл осындай сенімсіздік болған. Қаукарлы қарсылық көрсеткендер де болды. Алайда, сол қордың игілігін әлемді шарпыған қаржы дағдарысы кезінде Қазақстан халқы көрді ғой. Бұл қор да талан-таражға салынбай, ел игілігіне қызмет ететініне бек сенімдімін.

***– Сеніміңізге селкеу түспесін Беке. Сөзді көп созбай түйіндейік. Ендеше, бұл сауалды Кенжекең қорытындылап тастаса.***

– Мәжілістің осы отырысында Президент «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық-әлеуметтік қор құрылатыны жайында мәлімдегені белгілі. Көпшілігіміз бұл қордың қоғамдық-әлеуметтік деген анықтамасына назар аудара қоймай, «Қазақстан халқына» деген атауына мән беріп кеткендеймiз. Былайша айтқанда, қордың мақсаты қаржыны байлардан жинап алып, оны халыққа бөліп беру деп түсінген тәріздіміз.

Дұрысында, бұл – қоғамдық-әлеуметтік қор. Яғни, қордың қаржысы қоғамның көмегі арқылы жиналып, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндігінше септесуге жұмсалады деген сөз. Ал қоғам дегеніміз – Қазақстанның барлық азаматы. Дәулетті адамдар – сол қоғамның бір бөлігі.

Бұл тұста менің айтпағым – аталған қордың қаржысы дәулетті жандардан ғана жиналады екен деген ойдан арылу қажеттігі. Яғни, бұл қорға Қазақстанның кез келген азаматы өз мүмкіндігінше үлес қоса алады. Ал қалталы азаматтар мен қуатты компаниялардың бұл қорға қаржы салуына қатысты Президенттің тапсырма бергені жайында әлгінде айтып өттік.

Әрине, көпшілік көңілінде әлгіндей азаматтар мен компаниялардың байлығы халық есебінен жиналды, сондықтан қайтарып алу керек деген ойдың бар екенін бәріміз білеміз. Дегенмен адамның көңіліндегі тілекпен қатар, мемлекеттің өз ішіндегі және халықаралық Заңдардың бар екенін де ескеру қажет. Бәрі Заң аясында әділетті шешім табады деп үміттенейік.

Негізінен денсаулық, білім, әлеуметтік қорғау салаларын қолдауды мақсат ететін бұл қордың қаржысын жаратудағы әділеттілік қалай іске асуға тиіс? Бұл сұрақтың жауабы да Президент сөзінде айтылды. Яғни бақылаушы кеңес құрылып, қор жетекшісі тағайындалады. Қор жұмысы қоғамға ашық болады. Түскен қаржы көлемі де, оның қайда жұмсалатыны, қалай жұмсалғаны туралы мәліметтер де ақпарат құралдары арқылы жарияланып отырмақ. Қысқасы, қор жұмысы барынша ашық болмақ.

Әйткенмен, осыған дейін талай-талай бастамалардан аузы күйген жұрттың күмәндануы да заңды. Ондай күмәннің тууы, қашандағыдай, адам факторына байланысты. Нақтылай айтқанда, осы қордың басы-қасында жүретін адамдардың ар-ұятына, азамат ретіндегі қасиеттеріне тікелей қатысты. Сонымен бірге қоғамның өз белсенділігіне де байланысты. Қор жұмысын, қаржының жұмсалуын қадағалап, күмәнді жағдайларға биліктің назарын аударып отырар болсақ, бұл қордың жұмысы нәтижелі болуға тиіс. Өйткені ендігі Үкімет халықты еститін Үкімет болуға мүдделі болса керек.

## ЕЛДЕГІ БАР ЕРІНГЕ ТИЕ МЕ?

***– Кенжеке, әңгімеңізді осы жерден үзіп, бір сауал қойсам деймін. Әлгінде, сөзіңізде «Қоғам дегеніміз – Қазақстанның барлық азаматы. Дәулетті адамдар – сол қоғамның бір бөлігі», дедіңіз. Сол байлар қолындағы барын, нақтылап айтсам «жиған-тергенін» оп-оңай бөліп береді деп ойлайсыз ба?***

– Дәулетті азаматтар мен қаржылы компаниялар өздерін қоғамнан бөлек санамаса, өздерін әлеуметтік мәселелерден қалыспын деп есептемесе, аталған қорға үлес қосуды парыз санауға тиіс.

Сондай-ақ, Президент тапсырғандай, қордың барлық жұмысы ашық болатын болса, кімнің және қандай компанияның қорға қаншалықты көмек бергенін бәріміз де көре аламыз. Соған сәйкес, оларға деген көзқарасымыз, бағамыз қалыптасады.

***– Бәрекелді. Ал, бұл жөнінде талай жабыққан жандарға жәрдемші болып жүрген меценат бауырымыз Бекзат Алтынбековтың айтары қандай.***

– Барын бермесе де, белгілі бір мөлшерде береді. Беріп те жатыр. Мен олигарх емеспін. Қарапайым кәсіпкермін. Мен де беремін.«Қорға байлардың қазынасын тартып аламыз» деген өркениетті елде айтылатын сөз емес. Неге байлар ғана? «Қазақстанды сүйемін! Елімнің еңселі болғанын жаным қалайды» деген әрбір патриот қорға үлес қосуы керек. Бюджеттік мекеме қызметкерлері бір күндік жалақыларын аударса да. Қазақта «Теңізге тамған тамшыдай» деген қанатты тіркес бар. Қордың атауында айтып тұрғандай «Қазақстан халқына» деп, халықтан ештеңе аяуға болмайды.

***– Жақсы айттыңыз. Осы жерде маған тағы бір ой келді. Осы қорға аймағымыздың фермерлері қандай үлес қоса алады екен? Жалпы олар бұл қорды қалай қабылдап отыр. Гүлназ қарындасым сіз не дейсіз?***

– Фермелеріміз дұрыс қабылдайды деп ойлаймын. Жалпы осы онлайн отырыстың сауалдарын мен аймақ фермерлерінің де талқысына салдым. Ел өз пікірлерін білдіреді. Сол пікірдің бір екеуін қаз-қалпында назарларыңызға ұсынайын.

**«Жарқынбек БӨЛЕНДИН, фермер (аудиожазба):**

*– Бұл қор құрылады. Құрылғаны да жақсы. Әлеуметтік тұрғыдан мұқтаж жандарға жәрдем болары анық. Ал, енді оған байлар ақшасымен бөліседі ме дегенге келсек, бөлісуі керек. Олар өз байлықтарын ұстап қалу үшін үкіметпен бірігіп жұмыс істемесе болмайды. Халық бәрін көріп отыр. Үкімет те көріп отыр. Оған шара көреді деп ойлаймын. Сондықтан олар аударады. Біріншіден, халыққа деген қарызы болса, екіншіден, басталып жатқан іске қолдау білдіруі болса оны аударып тұруға тиіс.*

*Жалпы, бұл жақсылықтың нышаны. Осы сәтті пайдаланып елдің жағдайын көтеруге атсалысуымыз керек.*

**Жамсап ӘШЕНОВ, Сарысу ауылының ақсақалы (аудиожазба):**

*– Мемлекет басшысы Мәжілістің отырысында сөйлеген сөзінде 20-30 жылда дәулеті тасыған байлар өмірге келді, олардың қалтасы толған шығар, енді халықпен бөліссін деді. Сол үшін «Қазақстан халқына» деген қор ашты. Бұл қордың әлеуеті зор болады деп ойлаймын. Қазір қай өңірде болмасын жағдайы төмен, түрлі ауру-сырқауға шалдыққан жандар, әсіресе, балалар көбейіп кетті ғой. Қор соларды емдеуге қолдау көрсететін болады. Одан ауыл шаруашылығының фермерлері де қалыс қала қоймас. Бірақ, ең әуелі Мемлекет басшысы айтқан олигархтар мен ірі компаниялардың иелері бастап, қорға қаржы құйсын».*

– Міне. Аймақ фермерлерінің айтары осы. Менің өз ойым, қорға кез-келген адам қолдау көрсетуі керек. Оның ішінде байлардың үлесі қомақты болғаны жөн. Елімізде байлар жетеді. «Мен сияқты 5000 азамат 5000 ауылды шамалары келгенінше қамқорлығына алса еліміз көркейе түсер еді» деп Жақсылық Үшкемпіров көкеміз айтқандай байларымыз елге шынайы қамқорлық танытса, елдің еңсесі әлде қашан көтерілер ме еді. Енді, міне, қор құруға мүдделі болып отырмыз. Ал оған қаржы құятын байлар жеткілікті ғой деп ойлаймын.

***– Рахмет, Гүлназ ханым. Сіздің ортақ ойға елді жұмылдырған мына ісіңізге бөлек алғыс айтқым келіп отыр. Ендеше ауылдағы ағайындардың ойын одан әрі жалғастырып көрелік. Бағдат, сіз не дейсіз?***

– Біреудің жылдар бойы жиып-теріп бауырына басқанын «олпатонымен тартып алайын» деп жатқан ешкім жоқ. Тек «мемлекет ресурсын, билігін пайдалана отырып тапқан табыстарыңызды ай сайын бөліп-бөліп қорға қайтарыңыздар» деп отыр. Бұл ұсынысқа бәрі түсіністікпен қарайды деген ойдамын. Олай болмаған жағдайда оның екінші жолын қолдануға мәжбүр болады. Конституциядан бастап біраз заңдарға өзгерістер енгізу арқылы активтерін тартып алу. Онда жағдай ушығып, құдалауға да ілігері анық. Бірақ екінші жолды мемлекет те қалап отырған жоқ. Сондықтан да «ізгілік жолын ұсынған сәтті ұтымды пайдаланып, ізетпен қайтарыңыздар» деп есептеймін.

***– Ғазеке, өзіңіз қорытындылап көрсеңіз.***

– Берулері керек немесе бергізетіндей тетік жасалуы керек. Байлығын жамбасының астына басып алғанған не табады? Жамбасының астындағы ақша шіриді, жамбасы қоса шіриді. Біз «Мәңгілік ел» боламыз деген мемлекетпіз ғой. Жүрер жолымыз алыс, жол бейнеті оңай емес. Алыс жолға жүрер қазақ арбасының алдыңғы екі дөңгелегін майлап, артқы екі дөңгелегін шиқылдатып сүйретіп шықпайды ғой. Меніңше, мемлекет те солай. Барар жер алыс па, ендеше алдыңғы дөңгелек саналатын «бұғақты буржуазия» ғана емес, мына қарақұрым жұрттың да қанжығасы майлы болу керек. Осыны түсінген байлар, әсіресе иелік етіп отырған кәсіпорны алтын-күміс жұтып, ақша түкіріп отырған олигархтар бөліседі деп сенемін.

Кәсібін, мәселен, тіс пастасын сатудан бастап, шағын дүкен, ірі сауда орындарын ашып, шаруасын дөңгелетіп кеткен бизнесмендер, басқа да кәсіп түрлерін иіріп әкеткен іскерлер, адал табыс тауып, баюдың жолын ұстанған орта дәулетті байлар олигархтарға қарағанда бұл шаруаға тез үн қатады деп ойлаймын. Өйткені олар – алпауыттардан гөрі өмірдің ащы-тұщысының дәмін татқандар.

«Арғымақ атқа міндім деп, артқы топтан адаспа» демей ме ақылдылар. Дәулет жи, бай бол, қаракан басыңның күйін күйттеп кетпе. Қарайған жұртыңа қарайлас, жүдеп жүргеніне қолыңды соз, жұқарып жүргеніне жәрдеміңді бер дегенді байлар енді түсінуі керек.

***– Әй, бәрекелді. Жақсы айттыңыз. Сонымен отырысымыздың түйіндер тұсқа да таяп қалдық. Соңғы сауал. Соңғы күдік «қор құрылар, қаржы құйылар, бірақ сол қаржы әділ бөліне ме. Дұрыс бөліну үшін не қажет» деген сауалды ортаға салғым келеді. Бекзат Қомарұлы, сөз сізден.***

– Әуелі қор қазынасы толсын. Содан кейін оны бақылау тетіктері болады. Кез келген қоғамдық қор жеке тұлғаның мүддесіне жұмыс істей алмайды. Оның құрылтайшылары, қамқоршылық кеңесі, бақылау-тексеру комиссиясы болады. Сондықтан, қор қаржысы мақсатсыз жұмсалады, әділ бөлінбейді деп алаңдауға негіз жоқ.

***– Кенжеке, бұған сіз не дейсіз?***

– Аталған қор қаржысының қаншалықты әділ бөлінуіне жауапкершілік алатындай құзырет менде жоқ. Дегенмен қор қаржысының бөлінуіне қатысты ойымды айтып көрейін.

Қайталап айтайын, бұл қордың мақсаты – жиналған қаржыны халыққа теңдей таратып беру емес, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне көмектесу болса керек. Қиындыққа ұшыраған жандарға, денсаулық, білім беру салаларына қатысты әлеуметтік түйткілдердің шешілуіне көмек беру деп ойлаймын.

Ал қор қаржысының дұрыс бөлінуі деген сұраққа келсек, көмек қажет еткен әр жағдай, әрбір адамның проблемасы мұқият әрі жедел қарастырылуы қажет. Көмек беру туралы неліктен шешім шығарылғаны, неліктен көмек берілгені халыққа анық, түсінікті жетіп отыруы қажет. Сонда қоғамда түсінбеушілік болмайды.

Қалай болғанда да, ел деген – өзіміз, мемлекет – өзіміздікі. Ендеше елдің жағдайы бәрімізге де қатысты.

Өмірдің қай саласында да әділеттіліктің орнығуына бәріміз де мүдделі болайық. Өзгеге де, өзімізге де әділет көзімен қарай білсек, әділетті бағалай білсек, өзгеге жауапкершілік артумен қоса, өзіміз де жауапкершілік ала білсек, әділетті қоғам орната алатынымыз анық.

***– Жөн екен. Ғазеке, сіздің пікіріңіз.***

– Бәрімізді ойландыратын осы сауал. Менің ойымша, қордың жалпыхалықтық талқылаудан өткен Ережесі бекітілуі керек. Қор басшысы құдайдан қорқып, халықтан ұялатын Ар иесі болу керек (*тағайындалған басшы Б. Жәмішев сондай азамат болар*). Қор жұмысын қадағалайтын пәрмені күшті комиссия құрылып, оның мүшесінің басым бөлігі халық өкілдері болу шарт. Қордың арнайы порталы ашылып, күллі қаржылық қозғалыс, құжаттар мен шешімдер, оның орындалысы халыққа жария болып отырғаны жөн. Ең бастысы Қор төрағасы Мемлекет басшысы алдында тоқсан сайын, ал халық алдында алты айда бір рет есеп беріп отыруы керек.

Жақсы бастама қолға алынды, енді оның жұлма-жұлмасын шығарып алмасақ болды. Билік пен халықтың, бай мен кедейдің арасы тым алшақтап кетсе, арасында бос қуыс пайда болады. Сол қуыс әлеуметтік түйткілді мәселелердің өрт тудырар ошағына айнала бастайды. Сыртқы жау мен олардың ішімізде жүрген сыбайластарының аңдитыны осы қуыстың бұрқ етіп жарылуы. Меніңше, «Қазақстан халқына» қоры – бітеу жараның бетін қайтарар дәру. Алла берекесін берсін.

***– Әмин. Айтқаныңыз келсін. Бағдат Тілеуліұлы өзіңіз түйіндесеңіз.***

– Осы сұрақтың өзі, бұрынғы ізден шыға алмаудың бір көрінісі. Түскен қаржының талан-таражға салынбай күтпеген адамға емес, діттеген жеріне жету үшін тек ашықтық қажет. Ол үшін қор жұмысын сандық форматқа жүргізген абзал. Әр түскен және жұмсалған қаржының ақпараты кез-келген қазақстандық азаматқа қолжетімді болып, қор сайтында жарияланып отыру керек. Сонымен қатар делдал адамдардың қатысуынсыз электронды түрде жүргізілуі тиіс. Бұл жұмыстарды халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да шешуге болады. Мысалға, бір фермер алуға тиісті субсидиясын бөлінгендігі туралы шешім шыққаннан бастап, қолына қаражаты тигенше ЭЦҚ-сы арқылы электронды түрде бақылап отыруға мүмкіндік алуы керек. Сонда «қор қаражаты талан-таражға түседі-ау» деген қорқынышқа да негіз қалмайды.

Жалпы мен атақты әулиелеріміз – Қожахмет Яссауидің халифасы Сүлеймен Бақырғали жазып кеткен, Балмағанбет Балқыбайұлы мен Машһүр Жүсіп Көпеев жазып қалдырған «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жақсы күндердің туатынына кәміл сенемін.

***– Лайым сондай заман болсын. «Жақсы сөз жарым ырыс» демей ме атам қазақ. Сіздердің әңгімелеріңізден кейін елдің де көкейінде жүрген көп күмән бір сейіліп қалатын болды.***

## ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІҢ ТҮЙІНІ

***Сонымен, талқыдағы тақырып төңірегінде біраз орамды ой, пайымды пікірлер айтылды. «Қайтқан малдың қайыры бар» екені де рас. Оған байлардың қалай қарайтынын елдің білгісі келетіні және рас. Қашаннан біздің басқан қадамымызды аңдып, мүлт кеткен жерімізде мысқылдап, басым түскен тұсымызда тыжырына қалатын «сырт көз» жаңа халықтық қордың құрылғанына қызғаныш танытпай отырмағанына кім кепіл? Осындай аламағайып шақта елдің ішіне іріткі салып, жік-жікке бөлгісі келетін жымысқылардың да шығары анық. Біздің мақсат соның алдын алу болды. Ол миссиямызды шама-шарқымызша орындай алған да сыңайлымыз. Өйткені, сөз алған тұлғалардың бәрінің ойы бір арнаға, «бұл елдіктің ісі, елге де, ерге де сын» дегенге тоқайласты. Осы ауызбіршілігімізден арылмайық.***

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

**P.S.**

*Құрметті оқырман!*

**Газетімізде қоғамда қорданып қалған өңірімізге қатысты өзекті мәселелер төңірегінде осындай онлайн форматта отырыс өтіп тұратын болады. Орамды ой, пайымды пікір білдіремін, түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға қатысамын десеңіз, редакциямызға хабарласыңыз.**

**Келер отырысымыз көлік мінгендердің көкейінде жүрген утилизация алымы төңірегінде өрбімек. Отырысқа зангерлерді, полиция қызметкерлерін, қоғам белсенділерін шақырамыз.**

# Әулетімді әуелеткен Әулиетау

Алла бұйыртып қасиетті Ұлытауға аудан әкімінің орынбасары болып қызметке барғанымда екібасты қызметтік үйдің бір басында мен, бір басында аудандық полиция бөлімінің басшысы Еркебұлан Нұрбалаұлы Байзақов тұрды. Екеуміз қызметке қатар келген болатынбыз. «Жақсыда жаттық жоқ» демекші, отбасымызбен тонның ішкі бауындай, бірге туған бауырдай тығыз араласып кеттік. Екі үйден де қонақ арылмайтын. Ол үйге келген қонақтың ортасында мен, біздің үйге келген қонақтың ортасында ол отыратын. Келген қонаққа алма-кезек Ұлытауды дәріптеумен болатынбыз. Сондай отырыстардың бірінде Еркебұлан Нұрбалаұлы «мен өзім Ұлытаудың қасиеті мен киесіне еш күмән келтірмеймін. Өзім куәмін. Талай әулетті әуелеткен – Әулиетау» деп өз басынан өткен оқиғаларынан бастап әңгіме тиегін ағытатын. Ерекеңнің естеліктей етіп айтқан әңгімелерінің бірі былай басталатын:

«Ер азамат үйленіп, үй болғаннан кейінгі үмітті дүние «ұрпақты болсақ» деп армандайды ғой. Алла тілеуімді беріп, екі ұлым болды. Тұңғышым Нұржан 1998 жылы, екінші ұлым Сұлтан 2003 жылы дүниеге келді. Одан кейін қанша қалағанымызбен сәби сүю мүмкіндігі болмай қойды. Әйелім Науара екеуміз де, құдайға шүкір, көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған, тоқыған жандармыз ғой. Дәстүрлі медицинаға жүгініп, тексеріліп те көрдік. Екеумізге де «бала сүюге қабілетті» деген қорытынды нәтиже берілді. Үзілмеген үміт жетегінде 12 жыл жүрдік. Екі ұлымыз да есейіп қалды.

Бір күні әрі ағам, әрі досым, әрі әріптесім Каримов Аманжол Бақытжанұлына «Сізде де, менде де біраз мәселелер шешімін таппай тұр. Отбасымызда да проблема көбейіп барады. Іргеде қасиетті Ұлытау тұр. Ұлытауға барып, Әулиетауға шығып, тілек тілеп қайтсақ қайтеді?» деп қолқа салдым. Себебі тура сол кезде ол  қызметінен босап, жұмыссыз жүрген болатын. Бірден келісті. Сонымен Аужекең әйелімен, мен әйеліммен, төртеуміз Ұлытауға бармақшы болдық. Екеуміздің жақсы танысымыз, менің құрдасым, сол кездегі Ұлытау селосының әкімі Төлеген Жақияұлына хабарласып, мән-жайды айттық. Ер мінезді жігіт қой, сөзге келместен «әңгіме жоқ, Ереке, өзім күтіп аламын. Еш нәрсеге алаңдамастан келе беріңіздер» деді. Шу дегеннен мәселенің басы оң шешілгеніне де іштей қуанып қалдық. Ертесіне төртеуміз бір машинамен Ұлытауға жолға шықтық. Аужекең екеуміз жол бойы Әулиетау жөнінде, онда атқарылатын рәсімдер туралы елден естігенімізді айтып келеміз. Ұлытауға да жеттік. Төкең қарсы алып, Әулиетау етегіндегі Ембұлаққа алып келді. Сол жерге бір меңсіз қара қой дайындап қойған екен. Соны құрбандыққа шалып, ниет етіп, Әулиетауға көтерілдік. Сол күні тау басында тәу етіп барғандардың да қарасы қалың екен. Басында жатқан әулиелерге тағзым етіп, құран бағыштап, тілектерімізді тіледік. Зердеш баба үңгірінде отырып, алақан жайып, Алладан сұрадық. Жаратқанға жалбарындық. Көптің жасап жатқан рәсімдерін шын көңілмен жасап, ырымдарын ықыласпен атқарып қайттық. Қалаға келгеннен кейін «Бәрі құдайдың жазуынан, тек бас қосу адамның өзінен» деген екен Лұқпан Хакім, енді Алланың беретінін үмітпен күтейік» деп тарқастық.

Көп ұзамай Аужекең Жезқазған қаласының ішкі істер басқармасына басшының бірінші орынбасары болып қызметке орналасты. Полковник шенін алды. Ал менің жұбайымның көп ұзамай аяғы ауыр болып, 13 жылдан кейін, 2014 жылы көптен күткен Аружан есімді қызым дүниеге келді. Қуанышымызда шек жоқ. Кейін бір қауышқан отырысымызда тәубемізге келіп «Алла екеуміздің де тілеуімізді берді. «Жаратқанның құдіреті күшті, мейірімі шексіз» дегенді халқымыз тегіннен тегін айтпаған екен» дестік.

Әулиетаудың біздің әулетке, жақындарымызға көмегі керемет болды.  Туған інім Өміржан (Мако) 2011 жылы Альмира келінмен бас қосып, шаңырақ көтергеннен кейін көпке дейін сәби сүйе алмады. «Бармаған жері, қаралмаған дәрігері қалған жоқ» десем де болады. Екі жыл көтере алмаса «бала болмады» деп екі жаққа кетіп жататын жастарымыз аз емес қой. Олардың балалы бола алмауы бәріміздің уайымымызға айналды. Әсіресе, қолдағы ұл мен келіннің бұл мәселесі әке-шешеміздің қабырғасына қадалған шөңгедей жанына батып бітті. Қанша білдірмегендей болғанымен күбірлеген сөз сананы күбірткедей жеп барады. Бес жыл бойы бала көтере алмағаннан кейін, 2016 жылы Альмира келін мен Өміржан інім екеуі «Әулиетауға барып түнейміз» деп ниет етті. Сөйтіп, өздерімен қатар 2011 жылы үйленген, содан бері 5 жыл өтсе де балалы бола алмай жүрген туған бөлеміз Дархан мен Әйгерімді де ертіп алып, Ұлытауға барды. «Тағдыры ұқсастың тәңірі бір» деген емес пе? Олар Әулиетаудың етегіне шатырларын тігіп, қона жатып, Алладан сәби тілеген. Таңертең күн шықпай тұрып, Алланың ырзалығы үшін мал шалып, қан шығарып, Әулиетаудың басына шығуға ниеттенген. Үміт оты жетектеген төртеу қанша қиналса да, тауы шағылып, табанынан тозса да, тау басына көтеріліп, діттеген жерге жетпей тоқтамасқа уағдаласқан. Жүректері қанша жылап сыздаса да, дүние сен үшін тоқтап қалмайтынын сезінген олар уақытымен санаспай бақытына бара жатқандай иланып, ілгері жылжи береді. Сондай сенімдерінен күш алған төртеу тау басына да жетіп жығылады. Тау басындағы әулиелерге құран бағыштап, Аллаға жақын нүктеден тілек тілеген. Онда жасалынатын ишарат-амалдардың бәрін жасап, арып-ашып, шөлдеп, тау етегіне түседі. Сол жердегі Ембұлақтың суынан шай ішіп, дастархан басында да «ниетімізді бір Алла өзің қабылдай көр!» деп бір-біріне тілектестіктерін білдіріп, үйлеріне оралады. Алланың мейірімі түсті ме екен, кім білсін? Әйтеуір, тілектері қабыл болып, 5 жыл бала көтермеген келінімнің аяғы ауыр екенін білдік. Қуанышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Аман-есен босанғанша ешкімге айтпауға тырысып жүрміз.  Алла жар болып, аруақ қолдап, Әлімжан атты баламыз дүниеге келді. Ал Дархан мен Әйгерім де қызды болып, есімін Аяулым деп қойды. Мен өзім шын қиналып, дұрыс ниет етіп, Әулиетауға шығып, Алладан сұраған жанның құр алақан қалғанын көрген емеспін» деді Ерекең бір әңгіменің басын қайырып.

Еркебұлан Нұрбалаұлы – полиция қызметкері болғанымен әдебиет пен өнерге жаттығы жоқ жан. Қолына домбыра ұстатсаң сылқылдатып күй тарта жөнелетін, аңқылдаған ақ көңілінен азаматтығы айқын сезіліп тұрады. Сол көрші тұрған кезімізде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қонаққа өңір тарихын өмір тарихымыздай етіп айту үрдісі әжептәуір қалыптасып қалып еді. Қиял-ғажайып ертегі тыңдағандай қонақтардың аузының суы құрып, қимылдамай тыңдайтын. Ерекеңнің бір қасиеті осындай оқиғаларға өзінің туғандары мен жақын жуығын мысал етіп алатын. Күнделікті араласып жүрген жақын адамдары болған соң олардың аты-жөні мен ай-күніне дейін түгендеп айтып отырады. Әңгіменің қызуына кірген Ерекең «қос тізгінді тең ұстайын» дегендей өз туыстарынан кейін жайлап қайын жұртқа ауысатын. «Әулиетаудың қасиеті қайын жұртқа да аз қарайласқан жоқ» Зердеш баба үңгірінде отырып қараған көріністі сөзбен айтып жеткізу тіпті мүмкін емес. Қарағандыдан келген Марғұлан мен Ғайнидің әсерленгені сондай хош иісті қызыл аршаның үстіне жатып алып, тұратын емес. Шынымен де, мың түрлі аурудың емі болған қасиетті аршаға бір аунап тұрсаң, тауға шыққандағы қиналысыңды ұмытып, шаршауыңды сылып алғандай тынығып-ақ қаласың. Тау басында табиғат тылсымын тамашалап, әулиелерге құран оқып, Әулиетау шыңына тілек тілеп, мұнара қалап, біраз жүрдік. Әулиетау басындағы темірден жасалынған киіз үйді көрген Марғұлан мен Ғайни «Шіркін, мына киіз үйге қона жатса ғой, неткен саф ауа, қандай тылсым құдірет! Өзіңді бір басқа әлемде жүргендей сезінеді екенсің» деп біраз қиялдарына ерік берді.

Таудан түсу шығудан да қиын болмаса, оңай емес екен. Жалғыз аяқ жолға түсіп, озық-созық шашырап жүріп, төменге түстік-ау, әйтеуір. Үйге келсек те, сол әсерден ажырай алмай отырмыз. Құдды бір, баняға түсіп шыққандай жеңілдеп, рахаттанып отырмыз. Рухани тазарудың ғанибеті зор екен» деп қояды әшейінде сөзге сараң Мұрат бажам.



деп әңгімесін әзілмен әдіптеп, тыңдарманын өзіне бір қаратып алып жалғайтын әңгімені.

«Жұмыс істеуге ықыласты адам білетін адамнан артық істейді» деген рас негізі. Осы Ұлытау ауданының халқының көбі іргедегі Әулиетауға шығып көрмеген. Яғни, оның қадірі мен қасиетін де сезіне алмай жүр. Есесіне біреулер мыңдаған шақырымнан келіп, мұң болған мәселелеріне шешім тауып, жылдар бойы армандаған арманына қол жеткізіп жатады. Мысалға, мен өз балдыздарымды алсам да болады. Менің отбасыма да олардың шапағаты тигенін жасыра алмаймын.

2019 жылдың шілде айының басы болатын. Жұмыстан келіп, кешкі асқа отырған бетіміз. Шай құйып отырған келіншегім Науараның телефоны шылдыр ете түсті. Сөйтсек, Науараның Қарағанды қаласында тұратын жиен сіңілісі Ғайни екен.  Папасының қарындасы Айман тәтеміздің қызы. Ол Марғұланға 2017 жылы тұрмысқа шықса да, екі жылдан бері кішкентайлы бола алмай жүргенін білетінбіз. Біз оларды «Әулиетауға шығып, тілек тілеп қайтпайсыңдар ма?» деп өзіміздің отбасымызға қатысты оқиғаларды айтып, шақырып жүргенімізге көп болған. Хабарласқан себебі де сол екен. Ұлытаудағы Әулиетауға ниет етіп шыққысы келетінін айтқан Ғайни оған қандай дайындықпен келу керектігін тәптіштеп сұрай бастады. 16 шілдеде келетіндерін де айтты. Олар Ұлытауға келетін болған соң Науараның ағасының Сәтбаев қаласында тұратын қызы мен күйеубаласына, яғни нағашы сіңілісі Мұрат пен Әлияға да айтып, Әулиетауға бірге шығатын болыпты. Себебі олар да 2016 жылы бас қосып, үш жылдан аса сәби сүймеген болатын. Қарағандыдан келген қонақтардың шашбауын көтеріп, Сәтбаев қаласында тұратын балдызым Сандуғаш та ере келіпті. Олардың екі баласы бар. Бірақ үшіншісін көтере алмай жүрсе керек. Бесеуі кештете Ұлытаудағы біздің үйге келіп, таңертең Әулиетауға шығуға ниеттенді. Мен аяқ астынан Қарағанды қаласына іс-сапарға кеттім. Сонымен не керек, Марғұлан мен Ғайни, Мұрат пен Әлия, Сандуғаш бесеуі ертелетіп Әулиетауға шығуға аттанған ғой. Науара олардың ас-суын дайындауға үйде қалыпты. Бәрінің де ниеті бір. Тәңірге жақын нүктеден жаратқанға жалбарынып, аруақтарға сыйынып бала сұрау. Онда орындалатын рәсімдерді әбден түсіндіріп, санасына құйып тұрып айтқанбыз ғой. Жүректеріне иман ұялатқан бесеу тау етегіндегі биші қайыңдар көмкерген Ембұлақтан су ішіп, қуаттанып, қасиетті жеті әулие жатқан Әулиетау биігіне көтерілген. Іс-сапардан келген маған Мұрат бажам (қанша дегенмен осы өңірдің азаматы ғой) Әулиетау сапарындағы әсерлі әңгімесін айтып тауыса алар емес.

«Күн де тамылжып, шуағына шомылдырып-ақ тұрды. Тауға көтеріліп келеміз. Қара жердің қан тамырындай қып-қызыл болып, білеуленіп өскен қызыл аршаның хош иісі мен түрлі тау гүлінің жұпары таңғы таза ауамен жұтқан сайын кеудеңді ашып, құнықтырып келеді. Биіктеген сайын алақандағыдай көрінетін тау бауырындағы ауыл ақ қайың, көк терегімен көріктене түседі. Одан әрі көз жіберсең сұлудың айнасындай Ұлытау көлі күнмен шағылысып, жарқырап жатыр. Биік белді қайқайып асқан қара жол да «мені көрдің бе?» дегендей қасқиып қыр асып барады. Тұмса табиғаттың сұлулығына көз суарғанда тынысың ашылып, қасиеті қаныңа сіңіп бара жатқандай күй кешесің.

Бірге дәм ішіп, ұзақ әңгімелесіп отырғаннан кейін қонақтарымызды жолға шығарып салдық.

Аман-есен үйлеріне жеткен қонақтарымыз ватсап арқылы суреттерін жіберіп, Науара екеумізге алғыстарын жаудыртып, әсерлерімен бөлісіп, не керек, екі-үш күн шуылдады. Одан кейін біраз уақыт хабар-ошарсыз тыныштық орнады.

«Қалай болар екен?» деген алаңдау бәріміздің де көңілімізде жүрді. Бұл ұлы қуаныштар алдындағы тыныштық екен. Көп ұзамай сүйінші хабарлар дүркін-дүркін жете бастады. Құдайдың құдіреті күшті ғой. Менің ойыма ертеректе оқыған Кеңес Одағының екі дүркін батыры Талғат Бигелдиновтің сұхбатында айтқан оймақтай ойы оралды. Онда ол «Мен соғыста неміс ұшақтарымен қабаттасып 305 рет ұшақпен көкке көтерілдім. Әрбір көтерілгенімде әкемнің маған үйреткен құран сүрелерін дауыстап айтатынмын. Бір мезет Құдайды естен шығарған емеспін. «Ля Иллаһу Иллаллаһ Мухаммаду Расул Аллаһ» деп жүремін ішімнен» деген екен, жарықтық. Қашанда шын жылаған, шын сұрайды ғой. Алла үміттенген үш жұптың да тілектерін қабыл етті.

Бәрін бастап «Әулиетауға барамыз» деп ниет етіп, Қарағандыдан келген Марғұлан мен Ғайни 2020 жылы 18 тамызда ұлды болып, атын Әмірхан деп қойды. Ал олардың бірінші хабарласып, еріп шыққандары, Мұрат пен Әлия да үш күннен кейін, 2020 жылы 21 тамызда ұлды болып, ұлының атын Ринат деп атады. Мұрат пен Әлиядан кейін хабарласып, алып шыққандары Сандуғаш 2020 жылдың 10 желтоқсанында ұлды болып, Алдияр деп есім берді. Сөйтіп, Әулиетауға шыққан үш жұптың үшеуі де ұлды болды. Бір қараған адамға қиял-ғажайып ертегідей болып көрінгенімен, мұның бәрі айналамызда, күнде араласып жүрген жақындарымызда болып жатқан тамаша оқиғалар» деп аттың басын бір тартты Ерекең. Тыңдап отырған қонақтар да ғажайып әлемге әлдеқашан еніп кеткен болатын. Соны аңғарды ма, терін сүрткен Ерекең әңгімесін қыздыра түсті.

«Сол үш туысқанынан естіп алған Науараның Алматыда тұратын нағашы сіңілісі Ұлпан хабарласып, келгісі келетінін айтқан ғой. «Ұлытауға тәу етіп келем» деп жатса оған кім қарсы? «Күн суытпай келсін, күз болып қалды. Ұлытау Алматы емес қой» дегенбіз. Бір балаға зар болған Ұлпан көп кешікпей-ақ Жезқазғанға келе жатқанын айтты. Алыстан келген қонағымызды қарсы алдық. Сөйтсек, қасында тағы екі-үш туысқаны бар екен. Бұл 2020 жылдың 1 қазаны болатын. Барлығын үйге әкеліп қондырып, демалдырып, таңертең ерте «тілектеріңізді Алла қабыл етсін!» деп Әулиетауға шығарып салдым. Алыстан келген соң солармен бірге нағашыларына еріп, Науара да кетті. Алла нәсіп етіп, тау басына көтеріліп, бәрі көңілді оралды. Олай дейтінім, кейде сап-сау жас қыз-жігіттердің де тау басына көтеріле алмай, орта жолдан қайтатын кезі болады. Қасиетті Әулиетау да келгеннің бәрін қабылдай бермейді. Ол үшін жаратқанға сыйынып, киесіне сүйініп, қасиетін мойындап иманымен иіліп келу шарт. Жоғары сана иесімен тілдесу үшін де дүниауи пиғылдан ада, рухани таза болғаныңыз абзал. Өйткені адамдардың көбі Құдайдың даналығына күдік келтірсе де, бәрібір оның бар екеніне шүбә келтірмейді.

«Құдай өзі сүйетін құлын ешуақытта тастап кетпейді» дегенге де кәміл сенемін негізі. Сол жолы нағашыларына еріп, Әулиетауға шыққан келіншегім 40 жастан асқан шағында жүкті болып, былтыр Әділжан деген батырымыз дүниеге келді. «Бұйырса, сүт кенжеміз болады» деп отырмыз. Құдай ғұмыр берсін оған! Ал Алматыдан арнайы келген, ұзақ жылдар бала көтере алмай жүрген Ұлжанның қазір аяғы ауыр. «Алла жар болып, аман-есен сәбиін дүниеге әкелсе» деген тілектеміз бәріміз. Көп тілеуі көл ғой қашаннан.





Ал мен өзіме келсем, аудандық полиция бөлімі басшысының ең үлкен әскери атағы «подполковник» қой. Таяуда «полиция полковнигі» деген атақ алдым. Бұл да киелі Ұлытаудың керемет қасиеті мен шапағаты, Алланың қолдап, аруақтардың желеп-жебегені» деп сөзін аяқтады Ерекең.

«Иманның ең әлсізі Аллаға алақан жайып сұрау» десек те, оған жету үшін иманның ең мықтысы осындай қарекеттеріңіз қажет-ақ.

**Бағдат БАЙЖАНТАЕВ,**
**ақын, өлкетанушы**

# АРДАГЕРЛЕР ТӘЛІМІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

***12 қаңтар күні ардагер кеңесінің жанынан ашылған «Әжелер алқасы» жобасының тұсаукесері болды. Оған осы «Әжелер алқасының» мүшелері және шақырылған қонақтар бастауыш ұйымының төрайымдары қатысты. Онда қала ардагерлерінің істеген жұмыстары жайлы сайт арқылы фото-репортаж көрсетіліп, жұмыстары таныстырылды.***

Тұсаукесерді ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысының төрайымы К. Кариева кіріспе сөзбен ашып, алқа мүшелерінің төрайымы және мүшелерімен таныстырып, олардың жұмысына сәттілік тіледі.

Әрі қарай «Әжелер алқасының» төрайымы Айжан Жүнісова өзі жүргізіп, жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды, алдағы тұрған міндеттерді айтты.

– Ұрпақ тәрбиесі, отбасылық құндылықтар мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі екеніне басты көңіл бөлді. Елімізде қандай заманда да абзал аналарымыз, әжелеріміз халықпен бірге, ерлеріне сүйеніш, еліне тірек бола білген.

Әсіресе, қыз балалардың алдында ел мен ұлттың болашағы тұрғанын түйсіне білуге тиіспіз. Сондықтан да олардың халқымыздың ежелгі озық салт-дәстүрлеріне сай бой жетуіне ықпал етуді басты парызымыз деп білеміз. «Атадан – өсиет, анадан қасиет» деген аталы сөз бар. Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаған отбасылар да арамызда аз емес. Біз сол отбасыларды, қарияларымызды қоғамға, жастарға насихаттауға тиіспіз»- деді. Алқа мүшелер Шүкір Молдағалиева, Өркен Әбеуова, Ұмсынай Жанатаева, Айткүл Машақаева, Сәрсенкүл Қазымбетова, Роза Сейлова, Күнсұлу Ерқанатова және басқа ардагерлер де сөз алып, өздерінің ойларымен бөлісті. Олар бір ауыздан бұл бастаманың дер кезінде қолға алынып жатқанын, бала тәрбиесі, отбасы құндылықтары, салт-дәстүрімізді жалғастыру біздің міндетіміз дей келе қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістерге де тоқталды. «Үкімет мүшелері, үкімет басшысы өзгеріп, оның жаңа құрамы келді. Жаңа Қазақстанды жаңаша дамытуға міндеттеніп отырмыз. Президентіміз бен жаңа үкіметтің, еліміздің жаңа дәуірге енген қадамдары құтты болсын! Қуаныштымыз! Халқымыздың жағдайы, әл-ауқаты жақсарады деген үміттеміз! Елімізге тыныштық, бейбіт өмір тілейік!» – десті ақ жаулықты әжелер.



«Әжелер алқасының» қоғамымыздағы маңызы мен ролі жоғары. Олардың келешек ұрпақтың бойында биік адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына сүбелі үлесін қоса алатынына сенімім мол» дейді К. Кариева кеңес отырысын қорытындылау барысында.

**К. КАРИЕВА,**
**ардагерлер кеңесінің**
**ұйымдастыру-әдістемелік**
**жұмысының төрайымы.**

# ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*(Жезқазған уақыты бойынша)*

| ҚАҢТАР | Апта күндері | Таң намазы | Күннің шығуы | Бесін намазы | Екінті намазы | Ақшам намазы | Құптан намазы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сенбі | 07:44 | 09:15 | 13:36 | 16:06 | 17:50 | 19:22 |
| 2 | Жексенбі | 07:44 | 09:15 | 13:36 | 16:07 | 17:51 | 19:22 |
| 3 | Дүйсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:37 | 16:08 | 17:52 | 19:23 |
| 4 | Сейсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:37 | 16:09 | 17:53 | 19:24 |
| 5 | Сәрсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:38 | 16:10 | 17:55 | 19:25 |
| 6 | Бейсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:38 | 16:11 | 17:56 | 19:26 |
| **7** | **Жұма** | **07:44** | **09:14** | **13:38** | **16:12** | **17:57** | **19:27** |
| 8 | Сенбі | 07:44 | 09:14 | 13:39 | 16:13 | 17:58 | 19:28 |
| 9 | Жексенбі | 07:44 | 09:14 | 13:39 | 16:14 | 17:59 | 19:29 |
| 10 | Дүйсенбі | 07:43 | 09:13 | 13:40 | 16:16 | 18:00 | 19:30 |
| 11 | Сейсенбі | 07:43 | 09:13 | 13:40 | 16:17 | 18:02 | 19:31 |
| 12 | Сәрсенбі | 07:43 | 09:12 | 13:40 | 16:18 | 18:03 | 19:33 |
| 13 | Бейсенбі | 07:42 | 09:12 | 13:41 | 16:19 | 18:04 | 19:34 |
| **14** | **Жұма** | **07:42** | **09:11** | **13:41** | **16:21** | **18:06** | **19:35** |
| 15 | Сенбі | 07:42 | 09:11 | 13:42 | 16:22 | 18:07 | 19:36 |
| 16 | Жексенбі | 07:41 | 09:10 | 13:42 | 16:23 | 18:08 | 19:37 |
| 17 | Дүйсенбі | 07:41 | 09:09 | 13:42 | 16:25 | 18:10 | 19:38 |
| 18 | Сейсенбі | 07:40 | 09:08 | 13:43 | 16:26 | 18:11 | 19:40 |
| 19 | Сәрсенбі | 07:39 | 09:08 | 13:43 | 16:27 | 18:13 | 19:41 |
| 20 | Бейсенбі | 07:39 | 09:07 | 13:43 | 16:29 | 18:14 | 19:42 |
| **21** | **Жұма** | **07:38** | **09:06** | **13:43** | **16:30** | **18:16** | **19:43** |
| 22 | Сенбі | 07:37 | 09:05 | 13:44 | 16:32 | 18:17 | 19:45 |
| 23 | Жексенбі | 07:37 | 09:04 | 13:44 | 16:33 | 18:19 | 19:46 |
| 24 | Дүйсенбі | 07:36 | 09:03 | 13:44 | 16:35 | 18:20 | 19:47 |
| 25 | Сейсенбі | 07:35 | 09:02 | 13:44 | 16:36 | 18:22 | 19:48 |
| 26 | Сәрсенбі | 07:34 | 09:01 | 13:45 | 16:38 | 18:23 | 19:50 |
| 27 | Бейсенбі | 07:33 | 09:00 | 13:45 | 16:39 | 18:25 | 19:51 |
| **28** | **Жұма** | **07:32** | **08:59** | **13:45** | **16:41** | **18:26** | **19:52** |
| 29 | Сенбі | 07:31 | 08:57 | 13:45 | 16:42 | 18:28 | 19:54 |
| 30 | Жексенбі | 07:30 | 08:56 | 13:45 | 16:44 | 18:29 | 19:55 |
| 31 | Дүйсенбі | 07:29 | 08:55 | 13:46 | 16:45 | 18:31 | 19:56 |

*Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.*

2021 жылы 04 тамызда **Токен Аханович АХАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты мұрагерлік істің ашылғандығы хабарланады. Осы мұрагерлік іс бойынша мүдделі тұлғалардың нотариус **Сәуле Абдуахитовна Жандильдиноваға** хабарласуы сұралады.

Кеңсенің орналасқан мекенжайы: **Жезқазған қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 9-үй (ХҚКО) ЦОН) ғимараты, кабинет №204)**

После смерти **АХАНОВА Токена Ахановича**, умершего 04 августа 2021 года, открылось наследственное дело у нотариуса **Жандильдиновой Сауле Абдуахитовны**. Всем заинтересованным лицам явится в нотариальную контору по адресу: **г. Жезказган, ул. Б. Момышулы, 9, Карагандинской области, здание ЦОН-а, №204 кабинет.**



***Күнделік жазып, жеке қызығушылығы мен ойларын тізбектемеген жан сирек болар. Бұрынғының блогы осы болатын. Әдебиеттің бұл жанры бүгінде аса сұранысқа ие емес. Қазіргілердің қызығы – блок жүргізу. Әр түрлі әлеуметтік желілерге тіркеліп, оқырман санын арттырып отырған таныстарымыз тым көп. «Лүпіл» жинау арқылы танымалдығын арттырып, елге танылып және бұдан ақша тауып отырғандарды көргенде қызығатынымыз рас. Сонымен көп кәсіпті жолда қалдырып, смартфонға телміртken блогер атты жаңа кәсіп қашан пайда болды?***

# ӘНУАР мен ОМАР – ЕҢ ЖАС БЛОГЕРЛЕР

Блок жүргізу ісінің негізі 1993 жылы қаланған. Әдеттегідей мұхиттың арғы жағындағы Америка Құрама Штаттарында. Алғашқы блогерлердің бірі ретінде Джастин Холлдың есімі жиі аталады. Ол өзінің «links.net» деп аталатын блогында достары мен курстастарына өзі жайлы эсселер мен қызықты мағлұматтар тізбегін жариялап отырған. Уақыт өте жаңа веб-парақшалар ашылып, блогерлер саны да арта түскен. Бүгінде бір ғана АҚШ-та 31 млн-нан астам блогер бар екен. Олардың біреуі би билейді, екіншісі IT саласының қыр-сырын үйретеді, үшіншілері саяхат, сапарларымен елітеді. Әйтеуір қай-қайсысының да өз оқырманы, қолдаушы аудиториясы бар.

Жыл сайын «Forbes» журналы әлемдегі ең бай адамдардың есімдерін жариялайды. Жыл сайын олардың қатарындағы блогерлердің саны да артып келеді. Мысалы 2021 жылы ең бай блогер Джимми Дональдсон саналды. Жылдық табысы 54 млн долларды құраған акробат «You Tube» желісінде өз өнерімен көпті тәнті етіп үлгерген. Ол жинаған ең көп каралым 10 млрд-ты құрап отыр. «Instagram» әлеуметтік желісіндегі оқырманы мол парақшалардың үштігінің төрін аталған желінің өз ресми парақшасы құраса, 2-орында футболшы Криштиану Роналду және 3-орынды миллионер сылқым Кайли Женнер иеленген.

«Instagram» мен «Tik-Tok»-ты айналдырған блогерлердің қатары біздің елімізде де күн сайын артып келеді. Тек олардың көбісі өз блоктарын орыс тілінде жүргізгенді жөн санайтыны қынжылтпай қоймайды. Одан бөлек әлеуметтік желілердің ұрпақ тәрбиесіне де тигізер әсері мол болып тұр. Жоғарыда атаған әлеуметтік желілерден тәнін жалаңаштап, аузын былапыт сөзге толтырған «блогерсымақтар» мен жынысын ауыстырып, жаратылыс заңына қарсы шыққан трансгендерлер мен транссексуалдарға сүрініп қалуға болады. Ата-ана жұмыс бабымен алаң болып, тамақ табу қамымен шапқылап жүргенде, үйде телефонмен дос болып қалған баланың тәрбиесіне осындайлар ықпал етіп, болашағына әсерін тигізіп жатқанын ойлау тіптен үрейлі.

Медальдің екі жағы бары рас. Осы тұста заманауи қажеттілікті пайдалы тұрғыдан кәдесіне жаратып жатқандар да жоқ емес. Солардың қатарында біздің жерлестеріміз де баршылық. Үлкен қалалардағыдай біржолата блогерлікпен шұғылданып жүрген жезқазғандықтар көп емес. Солардың қатарында shef_anu аккауынтымен белгілі **Әнуар Мәуленнің** бәсі биік. Үш жасар бүлдіршіннің парақшасына жазылушылар саны 379000-нан асады. Кішкентайынан танымалдыққа ие болған «шеф-аспаздың» анасының еңбегі зор. Әнуардың анасы Жадыра Жакеева – қаржы саласының маманы. Әнуар және қарындасымен декреттік демалыста отырған ол ұлының тамақ істеген сәттерде аса ықтиярлықпен қарайтынын байқап, асханадағы видеоларды түсіре бастаған. Осының нәтижесінде инста парақшасына жазылушылар саны артқан. Сөйтіп шабыттана түскен жас ана ізденіп, күнделікті өмірмен байланысты видеолар түсіріп ұсынды. Бұл еңбегі зая кеткен жоқ. Бүгінде азды-көпті танымал болып, сырттан жарнамаға ұсыныстар алады. Көбіне бартерге жұмыс істейді.

Сырт көздің алдында жүрген Әнуар жиі ауырып қалатын көрінеді. Осындай сәттерде үйдегі үлкендер тарапынан келіспеушілік те байқалған. Дегенмен бүгінгі заман талабы екенін түсінген туыстар кейіннен қарсылық танытпайтын болған. Ауырып қалған сәттерде қазақша емге жүгінетін Әнуардың Омар есімді досы да блогерлікке қадам басқан. Кішкентай екі дос блогер ретінде көптің көзайымына айналып келеді.



Қазіргі таңда фуд-блогерлер жұмысы елеулі. Олар өз еңбектерін әлеуметтік желі арқылы өткізіп отыр. Мәселен, Нұргүл Қайрат. 28000-нан аса жазылушысы бар ол қыз-келіншектер жасауға қиналатын тағамдар мәзірін оңай әрі түсінікті қылып үйретеді. Алғашында отбасылық бизнесін жарнамалаудан басталған қызығушылығын осындай табысты кәсіпке айналдырған бармағынан бал тамған келіншектің пайдалы посттары әлі де мол.

Иә, не десек те, блогерлік – заман талабына айналғанын мойындауымыз керек. «Орайын тапсаң – орақ ор, кезегін тапсаң – кетпен шап» дегендей пайдалы істің көзін тауып еңбектенгенде тұрған не бар?! Тек көкқағаз бен дақпыртты атаққа қызығып, ар мен ұятты ұмыт қалдырмасақ болғаны.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газеті өз жұмысын жаңа басшымен, жаңа сипатта жалғастыруда. Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

***Қадірлі оқырман!***

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

***Құрметпен,***
**аймақтық «SARYARQA» газеті!**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы **(87778902258, Жаннур Т)** «Каспий голд» картасына жазылу құнын аударып, мекен-жайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

***Құрметпен,***
**аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы**




Whatsapp 8(701)-118-88-08